ЖЕТІМ КӨРСЕҢ ЖЕБЕЙ ЖҮР...

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС: ЗАЛАЛЫ БАР МА?

8-БЕТ | САРАПТАМА

АЙ СӘУЛЕСІМЕН КІТАП ОҚЫДЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

№121
(4399)
Бейсенбі
13 қазан
2022 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА – АСТАНА

Кешеден бері қазақ елінің елордасына мәртебелі меймандар келіп жатыр. Астана төрінде өтетін Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің VI саммитіне және ТМД мемлекеттері басшылары кеңесі, «Орталық Азия-Ресей» саммитіне мемлекет басшылары, сонымен қатар іскер топтар делегациялары қатысады. Демек, Астанаға екі күн бойы әлем назар аударады.

2

ТҮРКИЯ БАСШЫСЫН ҚАРСЫ АЛДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанды елорда әуежайында күтіп алды.

«Ақорда» резиденциясында Түркия басшысын салтанатты қарсы алу шарасы өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған бір-біріне делегациялар құрамын таныстырды. Құрмет Қарауылының бастығы екі ел басшыларына рапорт беріп, Қазақстан мен Түркияның әнұрандары орындалды. Салтанатты рәсімнен кейін мемлекет басшылары екіжақты кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанға ілтипат білдіріп, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін ризашылығын жеткізді.

(Соңы 2-бетте)

УЕФА 2024 жылы болатын Еуропа чемпионатының іріктеу турнирі жеребесін өткізді.

Іріктеу турнирі 2023 жылдың наурызы мен 2024 жылдың 26 наурызы аралығында өтеді. Жеребе бойынша Қазақстан құрамасы Н тобына түсті. Қарсыластары – Дания, Финляндия, Словения, Солтүстік Ирландия және Сан-Марино болды.

Қазақстан ұлттық құрамасы алғашқы ойынын 2023 жылы 23 наурызда «Астана Арена» стадионында Словения құрамасымен өткізеді.

15 және 16 қазанда «Астана-Арена» стадионы алаңында (Тұран 48) Павлодар облысының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

№121 (4399) 13/10/2022 Бейсенбі



КӨПСАЛАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАЛҒАСАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Президент Қатар Әмірі Тәмим бен Хамад Әл Тәниге шақыруын қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін алғыс айтты. «Жоғары мәртебелі шейх Тәмим мырза, өзіңізбен Қазақстанда кездесіп отырғаныма өте қуаныштымын. Менің шақыруымды қабыл алып, мемлекеттік сапармен Қазақстанға келгеніңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіргім келеді. Біз бүгін екіжақты қарым-қатынастың ең маңызды мәселелері бойынша тиісті уағдаластықтарға қол жеткіземіз. Біз үшін Қатар Мемлекеті – Таяу Шығыстағы ең маңызды серіктес. Сондықтан қарым-қатынасымызды одан әрі дамыту үшін бар күш-жігерімізді саламыз» деді Мемлекет басшысы.

Қатар Әмірі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға шақырғаны үшін алғыс айтып, қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылығын білдірді. «Жоғары мәртебелі президент мырза, еліңізге мемлекеттік сапармен шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Екі ел арасында жақсы қарым-қатынас орнаған. Кейінгі жылдары әртүрлі саладағы байланыстарымыз қарқынды дамып келеді. Бүгінгі мемлекеттік сапар аясында маусым айында Дохада өткен экономикалық форум кезіндегі бірқатар уағдаластықтарды бүгін талқылаймыз. Бұл келісімдердің мақсаты – бірнеше салада ынтымақтастықты дамыту. Бүгін біз кеңейтілген құрамда министрлердің қатысуымен осы мәселелерді жан-жақты қарастырамыз. Сондай-ақ ертең өтетін Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес саммитінің сәтті өтуіне тілектестік білдіремін» деді Қатар Әмірі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәниге Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденін табыс етті.

Шағын құрамдағы кездесуден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аудара отырып, қазақ-қатар қарым-қатынасының жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады.

ТҮРКИЯ БАСШЫСЫН ҚАРСЫ АЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елімізге мемлекеттік сапармен келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанға Қазақстан Республикасының I дәрежелі «Достық» ордені табыс етілді. Орденді табыстау рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентін елін алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы деп атап өтті.

– Сіздің бүгінгі мемлекеттік сапарыңыз екі елдің ынтымақтастығына үлкен серпін береді деп ойлаймын. Біз Түркиямен тең дәрежедегі ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға баса мен береміз. Бұл – менің ерекше назарымда. Кездесуіміздің күн тәртібіндегі бірқатар мәселелер бойынша пікір алмасып, уағдаластыққа қол жеткіземіз деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Қасым-Жомарт Тоқаевқа мамыр айында Түркияға мемлекеттік сапары мен Нью-Йорктегі екіжақты кездесуден кейін қайтадан жүздесіп отырғанына қуанышты екенін атап өтіп, қонақжайлығы үшін алғыс айтты.

– Бүгін Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің 4-отырысын өткіземіз. Сондай-ақ ертең Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммитіне қатысамыз. Сіздің көшбасшылығыңызбен жүргізілген реформалар қазақ халқының тыныштығын сақтап, әл-ауқатын жақсартатынына сенімім мол. 20 қараша күні болатын Президент сайлауы әділ әрі Жаңа Қазақстан үшін қайырлы болуын және сізге сол сайлауда сәттілік тілеймін, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Сондай-ақ Түркия Президенті жаһандық және аймақтық тұрақсыздық белең алған шақта түркі мемлекеттерінің ынтымағын одан әрі нығайту қажет екенін, сондықтан стратегиялық серіктес әрі бауырлас ел Қазақстанның қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, территориялық тұтастығына және экономикалық әл-ауқатының жақсаруына айрықша мән беретінін жеткізді.

– Түркияға мемлекеттік сапарыңыз барысында қол қойылған 14 ынтымақтастық туралы құжат пен ортақ декларация қарым-қатынасымызға тың серпін берді. Бүгін осы келісімдерге қосымша жаңа құжаттар қосылады. Атажұртыма келген маған және менің делегацияма қонақжайлық көрсеткеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын, – деді Режеп Тайип Ердоған.

Келіссөзден кейін Мемлекет басшыларының қатысуымен ресми делегациялардың мүшелері бірқатар екіжақты меморандумға қол қойды.

ЖАСТАР ЖОЛДАУДЫ ЖАҚТАЙДЫ

Астана халықаралық университетінде елордалық мәслихат депутаты Ләззат Разбекова-Төлеуханова студент жастармен кездесу өткізіп, Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауын талқылады.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Мәслихат депутаты алдымен өзінің жас кезіндегі еңбек жолынан, қоғамдық жұмыстармен қалай айналысқаны жөнінде әсерлі әңгімелеп берді. Содан кейін қазіргі кезеңдегі мемлекет тарапынан жастарға жасалып жатқан қолдаулар жайында жан-жақты айтты.

«Мен үшін бүгінгі жастардың не ойлайтыны маңызды. Өйткені елдің келешегін құратын сіздер боласыздар. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан жастардың идеяларын қолдау бойынша ауқымды шаралар атқарылуда. Мәселен, Президенттің Жолдауында бизнес жүргіземін деген жастарға 2,5 пайызбен несие беру, гранттар бөлу, жеңілдікпен баспана беру және басқа да жағдайлар қарастырылып отыр. Бұл – жастар үшін үлкен мүмкіндіктер. Мемлекеттің жасап отырған осы мүмкіндіктерін жастар барынша пайдаланғаны жөн. Ол үшін, әрине, білім, біліктілік, жақсы өмірге деген құлшыныс керек» деді мәслхат депутаты.

Кездесу барысында сөйлеген жастар Жолдауда айқындалған бағыт-бағдарларды жақтайтын, елімізде жүргізіліп жатқан саяси-әлеуметтік реформаларды қолдайтынын білдірді.

Студенттер депутатқа өздерін қызықтырған сұрақтар қойды. Өз кезегінде Ләззат Мұратқызы әрбір сұраққа толымды жауап берді.

ЕҢБЕКШІ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

Елордада Кәсіподақтар күніне орай құрылысшылар және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіподағы белсенділерімен дөңгелек үстел өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға бастауыш, салалық кәсіподақ ұйымдарының өкілдері мен елордалық мәслихат депутаты Динара Оразалина қатысты.

– Кәсіподақ мүшелерінің құқығын қорғап, еңбек қауіпсіздігін сақтауда игі істерге бастамашы болып жүрсіздер. Ұжымдағы әр адамның лайықты көмек пен әлеуметтік кепілдіктер алуын қамтамасыз етуде жемісті еңбек етудесіздер. Сіздерге еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау жолындағы жауапты жұмыста табыс, көпқырлы кәсіподақ қызметінде жаңа жетістіктер тілеймін, – деді құттықтау сөзінде Астана қаласы мәслихатының депутаты Динара Оразалина.

Ұжым мүддесін қорғау, олардың құқықтарының, еңбек қауіпсіздігінің сақталуын бақылауда ұстау және оны қорғау – бұл кәсіподақ ұйымының басты міндеті.

Құрылыс кешені және Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық қызметкерлері салалық кәсіподағының Астана қалалық филиалының төрайымы Тілеулес Мадьярова қоғамдағы өзекті мәселелерге тоқталып, еңбек жағдайына ерекше назар аудару керектігін айтты.

– Еңбек қауіпсіздігі – Кәсіподақтар федерациясының тұрақты назарындағы мәселе. Федерация әлеуметтік әріптестік шеңберінде жұмысшылар үшін лайықты еңбек жағдайларын жасап, өндірістік жарақат пен кәсібіне байланысты ауру-сырқауға ұшырауды азайту мақсатында қолдан келер барлық жағдайды жасап отыр. Кәсіподақтардың басты міндеттерінің бірі – әлеуметтік әділеттілікті ілгерілету. Ал бұл Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру бағытымен үндес, – дейді Тілеулес Мадьярова.

Іс-шара соңында еңбек және әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғаудағы белсенді қызметі үшін бірқатар кәсіподақ мүшесі марапатталды. Кәсіподақта көп жылдар еңбек етіп, оның дамуына айтулы үлес қосқан мамандарға медальдар тапсырылды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ұлыбритания королі III Карлды ұлықтау рәсімі 2023 жылдың 6 мамырында өтеді.

Букингем сарайының ресми сайтында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, монархты ұлықтау рәсімі Лондондағы Вестминстер абаттығында болады деп жоспарланып отыр. Шара барысында король III Карл мен оның жұбайы патшайым-консорт Камиллаға тәж кигізіледі.

Өзбекстанда электромобильдер шығарылады.

Ел президенті Шавкат Мирзиёев алдағы екі жылда электромобильдердің танымал үлгілерін шығаруды жолға қойып, сервистік инфрақұрылымды кеңейтуді тапсырды. Қазір елде бар болғаны 50 зарядтау станциясы бар. Олар негізінен, Ташкент пен Самарқанда орналасқан. Электрмен жүретін көліктерге қызмет көрсету орталықтары жоқ.

Еуропада табиғи газдың бағасы төмендеді.

Мұның себебі, импортталатын сұйытылған табиғи газ мөлшерінің ауқымы мен алдағы екі аптадағы жұмсақ ауа райына байланысты. Францияда атом энергиясының жоғары көлемде өндірілуі бүкіл құрлықтың электр энергиясымен қамтылуына ықпал етеді және электр энергиясын өндіру үшін газға деген сұранысты шектейді.

КӨКТАЛДА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Астанадағы «Көктал» тұрғын алабында жұма күні жаңа мешіт елорда тұрғындары мен қала қонақтарына есігін айқара ашты.

Салтанатты шараға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Астана қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимов қатысып, жамағатқа игі тілегін жеткізді.

– Мұны елорда халқы көптен күтіп жүр еді. Атамыз қазақ мешітті Аллаға құлшылық жасау үйі деп, ерекше құрмет тұтқан. Қасиетті жұмада иісі мұсылманға қадірлі орынның ашылуын жақсылыққа баладық. Осы мешіт рухани азық іздеген жандарға пана болып, Жаратқанның разылығын алуға себеп болсын. Бүгінде асыл дініміз исламға ден қойып, имандылыққа бет бұрған жастардың саны артып келеді. Елдің ертеңгі тізгінін ұстар – өскелең ұрпақты ізгі қасиеттерге баулып, діни сауатын ашып, асқақ рухын оятып, жақсылыққа шақыруды көздеген алтын жүректі жандар күмбезі көкпен таласқан, мұнарасы аспанмен астасқан мешіттердің көбеюіне зор үлес қосуда. Сондықтан осы мешітті салуға мұрындық болған азаматтарға алғысымыз шексіз, – деді Е.Каналимов.

Қалталы азаматтардың қолдауымен ашылған зәулім ғимарат «Көктал» шағын ауданындағы Сұлукөл көшесінің бойында орналасқан. 350 кісілік ғибадат орталығының жалпы аумағы – 372,6 шаршы метр. Мешіт құрылысы 2012 жылдың мамыр айында басталған болатын. Қаржының болмауынан біраз жыл тоқтап тұрған құрылыс тек 2021 жылы демеушілердің қолдауымен қайта жаңғырды. Қазіргі таңда ішкі әрлеу жұмыстары аяқталуға жақын.

Дін істері жөніндегі басқарма өкілдерінің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда Тапсырыс берушімен осы мешітті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының теңгеріміне беру туралы келіссөздер жүргізілуде. Бұл – елордадағы 14-мешіт.

ТАЛДЫКӨЛ СУМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Үлкен Талдыкөл суының көлемі 2015 жылға дейін 55-57 млн текше метрді, биыл күзде 1,5 млн текше метрді құрады. Яғни, су деңгейі 50 есе төмендеді. Бұл жөнінде елорда әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті.

«Жыл басында су көлемі 5 млн текше метрді құрады. Судың жоғарғы бөлігі буланып кетті. Екінші бөлігінде су бар. Ол біздің тазарту құрылыстарымыздан, яғни нөсер кәріздеріндегі сумен толығуда. Бұл маңда бұрын жерасты сулары болған, Есіл өзенінің сол жағалауында белсенді жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарына байланысты қайта толтыру тоқтатылды. Енді біз екі су айдынын қосымша сумен толықтыруды ұйымдастырамыз» деді Алтай Көлгінов.

Шаһар басшысы қаланың бұл ауданында экологиялық парк құру жоспарланып отырғанын атап өтті.

«Біз бұл жерде саябақтың болуын қолдаймыз. Қазірдің өзінде 1500 ағаш отырғызылды, күзде тағы 2000 ағаш отырғызамыз» деді әкім.

АСТАНАЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕРГЕ АЛҒЫС АЙТТЫ

Елордадағы №2 қалалық балалар ауруханасында аналық бездің безді тінінің қатерсіз ісігі бар 16 жастағы Семейден келген науқасқа сирек кездесетін операция жасалды.

Осы жылдың сәуір айында анасы баласының іші үлкейе бастағанын байқайды. Көптеген кисталардан тұратын көлемді масса оның ішін ісіріп жіберген. Бүкіл іш қуысына тараған ісіктен айналасындағылар қыз балаға күмәнмен қарай бастайды.

Көптеген зерттеулер нәтижесінде науқас Астанадағы №2 қалалық балалар ауруханасына шұғыл жатқызылды. Онда ауырсыну синдромы, гемоглобиннің төмендеуі, орташа ауырлық жағдайы болды. Жақында қызға лапароскопиялық операция жасалды. Дәрігерлердің мәлімдеуінше, ота сәтті өтті және ота кезінде қыздың бойынан 8 литрден астам сұйықтық алынып, сыртқа шығарылды.

Ісік оң жақ аналық безден шыққан. Оң жақ аналық бездің тіндері өзгергендіктен, дәрігерлер баланың денсаулығына қауіп төндірмеуге шешім қабылдады және оң жақ аналық безді түтікпен алып тастады.

Хирург, жоспарлы хирургия бөлімінің меңгерушісі Азамат Оразалиновтың айтуынша, дәрігерлер өте күрделі операция жасаған.

«Қыздың репродуктивті функциясы зардап шеккен жоқ, өйткені екінші аналық без өміршеңдігін жоймады. Үш рет укол салу және 3 см кесу өте мұқият жасалды. Қазір қыз бала өз қаласында гинекологтың бақылауында» деді А.Оразалинов.

Науқастың анасы қызына сәтті операция жасағаны үшін елордалық дәрігерлерге алғыс айтты.

Дубайда өзі ұшатын автокөлік алғашқы рейсін жасады.

Скандинавия орталығынан басталған сапар 90 минутқа созылды. Бір қызығы, екі орындық көліктің жүргізушісі жоқ. Ол интеллектуалды басқару жүйесімен жабдықталған. Автомобильді аспанға алып шығатын қондырғының шағыны көміртекті талшықтан жасалған.

Аталған жобаның авторы – электрокөлік өндірумен айналысатын қытайлық компания.

Таңғажайып қызғылт гауһар бәсаудада шамамен 60 млн долларға сатылды.

Бұл оның күтілген құнынан бірнеше есе жоғары. Бағалы тас әуелде шамамен 21 млн долларға сатылады деп күтілген. Sotheby's аукцион үйінің мәліметінше, үлкен тас жұма күні 453,2 млн гонконг доллары немесе шамамен 58 млн АҚШ долларына сатылды.

«Уильсонның қызғылт жұлдызы» атауымен белгілі 11, 15 караттық қызғылт гауһар – тарихта сатылымға ұсынылған ең таза тастардың бірі.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Елордадан сыртқарырақ орналасқан тұрғын алаптар мен елді мекендерді дамыту бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

Алтай КӨЛГІНОВ, Астана қаласының әкімі:

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елді мекендерді жүйелі түрде дамытудамыз. Мәселен, тұрғын алаптарды 42 км сумен, 17 км нөсер, 11 км кәріз, 3,2 км астам электр және 680 км газбен жабдықтау желілерін салдық. Елді мекендерде 4 білім беру нысанын, 2 спорт кешенін, 300 аула мен қоғамдық кеңістік және ұзындығы 117 км-ден асатын 250 көшені жөндеп, салдық, сонымен қатар 3,7 мың жарықтандыру тірегін орнаттық.

Бұл – жай ғана сандар емес, бұл елді мекендерде тыныс-тіршілікті жақсартуға мүмкіндік берген үлкен жүйелі жұмыстардың нәтижесі. Бірақ, әрине, бұл да жеткіліксіз.

Елді мекендерді дамыту бойынша жұмыстарды әлі де жалғастырудамыз. Біздің мақсатымыз – шет аймақтарды өмір сүруге қолайлы ету. Бұл бағыттағы жұмыстарымызды да жүргізудеміз.

«Ағаш отырғызу учаскесі» елді мекенінде 400-ден астам адам тұрады. Мұндағы тұрғындар суды тасуға мәжбүр, әрине, бұл көптеген қолайсыздықтарды тудырады. Бұған дейін жобаны жасап, қазір орталық су құбыры мен кәріз желілерінің құрылысын бастадық. Сонымен қатар, келесі жылдан бастап аталған елді мекенді газдандыру бойынша жобаны дайындауды жоспарлап отырмыз, сондай-ақ әлеуметтік нысан (балабақша) салу жоспарда бар.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Айнұр БОЛАТБЕККҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:

– Астанада апатты үйлер аз емес, олардың тұрғындарын көшіру мәселесі қалай жүзеге асырылып жатыр?

Оқырман сауалына Астана қаласы Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының бөлім басшысы Төлеген АХМЕТОВ жауап береді:

– «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, елордада тұрғын үй қорын реновациялау жобасы іске асырылып жатыр. Жобаның бірінші кезеңі 2013-2017 жылдар аралығында өтті, оның барысында 228 апатты үй бұзылып, 3400-ден астам отбасы жаңа жайлы тұрғын үй алды.

2018 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезеңге есептелген екінші кезеңді іске асыру шеңберінде 1082 пәтерлі 56 апатты үйдің тұрғындарын көшіру жоспарланған. Осы жылы 86 пәтерлі 9 апатты жағдайдағы үйдің тұрғындары жаңа қоныстарына көшті. Ал 2019 жылы 197 пәтерлі 16 апатты үйдің тұрғындары Абылай хан даңғылы мен «Артем» базары ауданында орналасқан көппәтерлі тұрғын үй кешеніне көшірілді. 2020 жылы 209 пәтерлі 5 апатты үйдің тұрғындары Қарасай батыр көшесі мен Қордай көшесінде орналасқан тұрғын үй кешеніне қоныстанды. Былтыр елордада 257 пәтерлік 8 апатты үйдің тұрғындары Абылай хан даңғылы мен Қарасай батыр көшесінің бойындағы жаңа үйлерге көшірілді.

Қазіргі уақытта аталған үйлерді физикалық бұзу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2018-2021 жылдары барлығы 749 пәтерлік 38 үйдің тұрғындары көшірілді. Ағымдағы жылы Астанада 333 пәтерге 18 апатты үйдің тұрғындарын көшіру жоспарланып отыр. Бұл мақсатта аудан әкімдері аппараттарымен бірлесіп 2023-2027 жылдарға арналған бұзу жоспары құрылды.

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

12.10.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	475	550	480
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	140	90	150	150
Макарон өнімдері	460	245	350	350
Қарақұмық жармасы	680	520	600	600
Тазартылған күріш	520	465	450	450
Картоп	140	190	130	150
Сәбіз	180	160	115	150
Пияз	180	150	109	150
Қырыққабат	150	50	100	150
Қант	600	480	550	600
Күнбағыс майы	1120	1100	1000	1100
Сиыр еті	2750	2700	2150	2500
Тауық еті	1605	1625	1530	1500
Пастерленген сүт	300	305	350	360
Айран	310	405	450	400
Сары май	4500	4500	4500	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	520	525	550	540
Ас тұзы	90	70	80	90
Сүзбе	1350	1300	1000	1100

№121 (4399) 13/10/2022 Бейсенбі

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

Әр азаматтың дауысы маңызды!

12 ҮМІТКЕР ҚҰЖАТТАРЫН ТАПСЫРДЫ

2022 жылғы 12 қазанда Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды ұсыну қорытындылары туралы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының отырысы өтті. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Ортсайлауком хатшысы Мұхтар Ерман баяндама жасады. Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды ұсыну кезеңі 2022 жылғы 11 қазанда сағат 18.00-де аяқталды. Орталық сайлау комиссиясына ұсыну кезеңінің қорытындылары бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынған 12 кандидаттың құжаттары тапсырылды.

1. Қажыкен Мейрам Зекешұлы.

«Аманат» Қазақстан республикалық кәсіподақтар достастығы» ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 4 қазанында тапсырылды. Лингвистикалық комиссияның 2022 жылғы 8 қазандағы қорытындысы негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген. 2022 жылдың 8 қазанында ҚР ОСК Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін анықтады.

2. Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы.

«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 5 қазанында тапсырылды. Лингвистикалық комиссияның 2022 жылғы 8 қазандағы қорытындысы негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген. 2022 жылдың 9 қазанында ҚР ОСК Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін анықтады.

3. Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы.

«Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 7 қазанында тапсырылды. Лингвистикалық комиссияның 2022 жылғы 10 қазандағы қорытындысы негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген. 2022 жылдың 10 қазанында ҚР ОСК Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін анықтады.

4. Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Amanat партиясы, «Қазақстан Халық партиясы», «Ақ жол» ҚДП, сондай-ақ бірқатар республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынды.

ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 7 қазанында тапсырылды. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 54-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау рәсімі кандидатурасы өкілеттіктердің келесі мерзіміне қайта ұсынылған, жұмыс істеп жүрген Республика Президентіне қолданылмайды. 2022 жылдың 8 қазанында ҚР ОСК Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін анықтады.

5. Әлтаев Нұржан Бауыржанұлы.

«Мұқалмас» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттар 2022 жылдың 7 қазанында тапсырылды. Лингвистикалық комиссияның 2022 жылғы 11 қазандағы қорытындысы негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген.

6. Әбден Қарақат Жақсылыққызы.

«Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 8 қазанында тапсырылды. Лингвистикалық комиссияның 2022 жылғы 10 қазандағы қорытындысы негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген. 2022 жылдың 11 қазанда ҚР ОСК Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының талаптарына сәйкестігін белгіледі.

7. Ерғалиев Талғат Файзуллиұлы.

«Қазақстан құрылысшылар одағы» заңды тұлғалардың республикалық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 10 қазанында тапсырылды.

8. Әлиев Жұматай.

«Халық демографиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттар 2022 жылдың 10 қазанында тапсырылды.

9. Ғабжалилов Хайролла Мағауияұлы.

Оралмандардың «Асар» бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 11 қазанында тапсырылды.

10. Тұрсынбекова Салтанат Пархатқызы.

«Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттар 2022 жылдың 11 қазанында тапсырылды.

11. Жаңабаев Бақыт Маратұлы.

«Футбол жанкүйерлерінің қазақстандық лигасы» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 11 қазанында тапсырылды.

12. Бизақова Фатима.

«Тәжірибелік психология» республикалық қоғамдық бірлестігі ұсынды. ОСК-ға құжаттары 2022 жылдың 11 қазанында тапсырылды.

Отырыс қорытындылары бойынша Орталық сайлау комиссиясында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен брифинг өтті, онда ҚР ОСК мүшелері БАҚ сұрақтарына жауап берді.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ ҚАҒИДАЛАР

– Еліміздегі саяси партиялар, республикалық қоғамдық бірлестіктер сияқты Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы да алдағы Президент сайлауына қатысуға лайықты тұлға ретінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын Қазақстан Президенттігіне ұсыну туралы шешім қабылдады. Осыған орай, Астанада өткізілген халықтық коалиция форумында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы ұлтты ұйыстырар жеті қағиданы атады.

Тәуелсіздік – біз үшін басты құндылықтар екеніне ерекше тоқталып, тәуелсіз мемлекет қана өзінің тілін, жерін, дінін, ділін сақтап қала алатындығын айтты. Иә, шынында, тәуелсіздігімізді қорғау мен нығайту бәрімізге ортақ міндет екенін ұмытпағанымыз абзал. Сонымен бірге бәсекеге қабілетті, әлемнің алдыңғы қатар елдерімен тереземіз тең болсын десек, еңбекті басты орынға қою қажеттігі туралы қағида көптің көңіліндегісін дөп басты десек қателеспейміз. Сөзден іске көшіп, ерен еңбектің үлгісін көрсетер кез келді деп санаймыз. Қоғам еңбек адамына деген құрмет күн санап арта беретінін сезінуі керек.

Мемлекеттік мүдде мен халықтық мүдде ажырамас ұғым екенін ұғындырған қағида да елімізде қабылданар шешімдер ел мүддесін қорғауды қамтамасыз етуді көздейтіндігін көрсетеді.

Әділетті Қазақстан заңдар салтанат құрғанда орнайтынын алға тартқан тағы бір қағида, қабылданған заңдардың орындалуын қадағалау маңызына мән беру керегін айқындайды.

Ғылымға негізделген экономика табысқа бастайтыны белгілі. Озық білім мен қажырлы еңбек қана ел өркендеуіне апарар жол деп түсінгеніміз абзал. Сол себепті ең құнды байлығымыз – адами капиталды дамыту бүгіннің айнымас қағидасына айналу керектігі туралы Мемлекет басшысының ой-тұжырымдары қисынды деп ойлаймыз.

Еліміз үшін береке-бірлік, ықыласты ынтымақ, сыпайы сыйластық, тәтті татулық басым бағыт болып белгіленуі ел дамуына серпін берері сөзсіз.

Қысқа қайырсақ, Мемлекет басшысының қоғамға қажет қағидаларды көңілге қонымды, ұғынықты, қарапайым тілмен баяндауына қарап, Жаңа Қазақстан құру жолында жұртты жұмылдырып, ұлтты ұйыстырарына сенгің келеді.

Ықылас ОРАЗБАЙ,
IT маманы, кәсіпкер:

САЙЛАУҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУ – ӨЗ БОЛАШАҒЫМЫЗҒА ТАҢДАУ ЖАСАУ

– 20 қарашада өтетін Президент сайлауы еліміздің ертеңі үшін айрықша маңызды деп ойлаймын. Сондықтан мен бұл сайлауда белсенділік танытып, өзім қолдайтын кандидатқа дауыс беремін. Бұл – менің азаматтық борышым.

«Сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген сөз бар. Біз еліміздегі ең ірі саяси науқанға белсене қатысып, дауыс беру арқылы өз болашағымызға таңдау жасаймыз.

Қазір әлемдік жағдай өте күрделі. Көрші елдердің бір-біріне қару сілтеп, жанжалдасып жатқаны да алаңдатады. Осы тұрғыдан алғанда, еліміз үшін ел іргесі бекем, қоғамы тыныш болғаннан үлкен байлық жоқ. Өйткені бейбітшілік – барлық байлықтың бастауы. Мәселе ұрыспен емес, кеңеспен шешілетіні, бірлігі бекем елді жау алмайтыны – әлдеқашан дәлелденген ақиқат. Сондықтан бұл сайлауда да бізге бірлік керек. Жаңа Қазақстан, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру да елдің береке-бірлігінің арқасында жүзеге асады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажет» деп айтқан еді. Президент мемлекет мүддесі бәрінен биік екенін жария етіп, өзінің өкілеттік мерзімін қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауын өткізуге дайын екенін білдірді. Ендігі жерде елдің болашағы өз таңдауымызда екенін түсінуіміз қажет.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Elorda Aqparat» ЖШС – «Astana aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттерінің және «elorda.info» желілік басылымының меншік иесі Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын белгілеу туралы» Жарлығына сәйкес, 2022 жылы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына қатысатын тіркелген кандидаттарға сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін баспасөз беттерінен орын беру талаптары туралы хабарлайды.

Баспасөз бетіне берілетін үгіт-насихат материалдарын беру 2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидатқа баспа үгіт материалдарын орналастыру үшін газетпен жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттың (сенімді өкілдің) баспасөз бетіне берілетін үгіт-насихат материалдарын беру туралы газеттермен шартқа қол қоюы кандидаттың (сенімді өкілдің) сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді газеттерден қабылдауға келісімі болып табылады.

МЕКЕМЕГЕ БЕРІЛЕТІН ЖАЗБАША ӨТІНІШ – МАТЕРИАЛ МЫНАДАЙ АҚПАРАТТЫ ҚАМТУЫ ТИІС:

- *Тіркеу нөмірі, жазбаша өтініштің күні мен уақыты;*
- *Кандидаттың аты-жөні, жазбаша өтініш берген сенімді тұлғаның аты-жөні;*
- *Жазбаша өтініш беруге тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар – кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжаттар;*
- *Газет бетінде жоспарланған көлем мен оның уақыты, үгіт-насихат материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;*
- *Кандидаттың немесе сенім білдірген тұлғаның қолы.*

«Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтінішті 2022 жылдың 21 қазанынан бастап 18 қарашасына дейінгі аралықта Астана қаласы, Достық көшесі, 13 (222-кабинет) мекенжайы бойынша күн сайын, демалыс және мереке күндерінен басқа күндерде, сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген адамның тегі туралы мәлімет қамтылуы тиіс.

«Elorda Aqparat» ЖШС баспа материалдарын орналастыру кезегін жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгілейді.

Үгіт-насихат материалдарын «Elorda Aqparat» ЖШС-ке жоғарыда аталған газеттер шығардан 1 (бір) күн (жұмыс күні) бұрын шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға келісілген (қол қойған) материалын модуль немесе мақала түрінде жеткізілуі тиіс.

Басылымдар кандидаттар ұсынған үгіт-насихат материалдарында конституциялық құрылымды күшпен өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік араздықты, нәсілдік, ұлтаралық, дінаралық, рулық, тайпалық алауыздықты қоздыру, сондай-ақ заңнамада қарастырылмаған әскери күштерді құру секілді идеялар болған жағдайда бас тартуға құқылы.

Газет ұсынылған үгіт-насихат материалдарында қандай да бір кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, абыройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда оны жариялаудан бас тартуға құқылы.

Ұсынылған ақпаратта көрсетілген жариялау орындарын ұсыну талаптары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

МАТЕРИАЛ ЖАРИЯЛАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН БАСПАСӨЗ БЕТІНІҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ МЫНАДАЙ:

1. «Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінің бетінде материал шығарудың 1 шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – 1265 теңге.
2. Жарияланған материалды «astana-akshamy.kz» және «vechastana.kz» газеттерінің сайтында қайта шығару құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **30000** теңге.
3. Жарияланған материалды «elorda.info» сайтында қайта шығару құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **30000** теңге.
4. Тапсырыс беруші ұсынған (2000 белгіге дейін болуы шарт) мақаланы «elorda.info» сайтында жариялау құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **40000** теңге.
5. Мақаланы жазып, «elorda.info» сайтында жариялау құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **80000** теңге.

Төлемақы «Elorda Aqparat» ЖШС ұсынған шотқа осындай шот жіберілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде аударылады.

Төлемақы тиісті келісімшартта көрсетілген «Elorda Aqparat» ЖШС-тің банктегі реквизиттеріне аударылады.

«Elorda Aqparat» ЖШС директоры
О.СЫДЫҚБЕК

№121 (4399) 13/10/2022 Бейсенбі

ЕЛОРДАНЫҢ ЕҢ ІРІ ЕМХАНАСЫ

Райхан РАХМЕТОВА

Қаланың оңтүстік жағалауындағы 92 мың халыққа медициналық көмек көрсететін №6 қалалық емхана – елордадағы ең ірі 3 емдеу мекеменің бірі. Құрылғанына биыл 10 жыл толған емхана халық денсаулығын сақтауда дәрігерге дейінгі, амбулаториялық-емханалық, оның ішінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек береді.

Ғимараты өзге емханаларға қарағанда еңселі мекеменің биыл кіреберісі мен ішіне жөндеу жүргізіліп, пандустары жаңартылғаны бірден байқалады. Бұл – денсаулық сақтау басқармасы арқылы жоспарлы түрде бюджеттен қаржы бөлгізіп атқарылған жұмыс нәтижесі. Бастысы, кірген кезде бұрынғыдай сүреңсіз қабырғаларымен еңсені баспайды, жарық аппақ залда күтіп отыру ыңғайлы. Емхана директорының өзі азаматтарды қабылдаудан босамай жатқандықтан, оның емдеу-профилактикалық жұмыстар жөніндегі орынбасары Есжан Қалиев жұмыс жайынан мәлімет берді. Бүгінде құрамы 16 бөлімше мен 1 күндізгі стационардан тұратын емханада 532 медперсонал еңбек етеді. Олардың 169-ы дәрігерлер болса, орта медперсонал саны – 285 адам және кіші медицина қызметкерлері – 22 адам.

– Әр бөлімшеде өз ісінің білгірлері жұмыс істейді, көбінің жұмыс тәжірибесі мол. Олардың ішінде медицина ғылымдарының кандидаттары, біліктілігі жоғары және бірінші санатты дәрігерлер бар. Жыл сайын олардың қатары жас мамандармен толығып отырады. Біздің емханаға тіркелген 92 мың тұрғынның 56 мыңы ересек адамдар болса, 36 мыңы – балалар. Сонымен қатар 24 мың мектеп жасындағы балаларды да қараймыз, олар осы аумақтағы 13 мектепте білім алады, – дейді Е.Қалиев.

Сұлтан СЕЙІТ

ҚЫЗМЕТ ТҮРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ ҚАНДАЙ?

Емханадағы қызмет түрлерін хирургиялық бөлімшесінде қан тамырларының кеңеюіне қарсы ота жасалатыны ерекшелейді. Сонымен қатар оңалту және қайта қалпына келтіре емдеу бөлімшесінде ем 3 кезеңге бөлініп жүргізіледі, соның арқасында пациенттер заманауи физиоаппараттардың көмегімен денсаулығын қалпына келтіреді. Сонымен қатар осы бөлімшеде тұзды шахта қызметі де науқастарға тегін түрде көрсетіледі. Ал балаларға мамандандырылған көмек көрсету бөлімшесінде шала туған балаларды емдеуге арналған катамнез кабинеті ашылған. Сондай-ақ гинекология бөлімшесінде құрсақтағы баланың жүрек соғысы бойынша оның жағдайына баға беретін заманауи тәсіл кардиотокография жұмыс істейді.

НЕГЕ САЛАЛЫҚ ДӘРІГЕРГЕ ТІКЕ ҚАРАЛА АЛМАЙМЫЗ?

Емханада, әлеуметтік желіде болсын көпшілік жиі қоятын осы сауалды аталған мекеменің медицина мамандарына қойдық. Ақпарат алуға барғанда кіреберістегі ресепшн қызметкерлеріне бір пациент осы мәселені айтып, реніш білдіріп тұрды. Айтуынша, таңнан бері өз терапевтіне әзер кіріп, ол салалық дәрігер, яғни ЛОР маманына жіберген. Оны зорға күтіп, кірсе, алдын ала жазылмайынша қабылдай алмайтынын айтқан. Осылайша бар уақытымды екі есіктің арасында өткіздім деген пациентке ресепшндегі жас қыздар мардымды жауап айта алмай, әлгі пациент әкімдікке шағымданамын деп кетіп қалды.

– Салалық дәрігер маманға қаралмас бұрын алдымен жалпы практикадағы дәрігерлер пациентті қарап, денсаулық жағдайын анықтайды. Егер оның мәселесін өз деңгейінде шеше алатындай жағдайда болса, салалық маманға қаралудың қажеті болмай қалады. Өйткені көп ретте пациенттер өз ауруын теріс бағалауы немесе мәселен, жүрегі ауырса оның себебі кардиохирургияда емес, неврологияда жатуы мүмкін. Сондықтан терапевт пациент диагнозын нақты дұрыс қойғаннан кейін ғана тиісті маманға жолдама береді. Бұл салалық дәрігердің артық уақытын алмай, емді нағыз қажет ететін адамдардың уақыт жағынан мүмкіндігін шектемей алуына ықпал етеді, – дейді емхана директорының орынбасары.

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ» КЛУБЫНА ШАҚЫРАДЫ

№6 емхананың тағы бір ерекшелігі – мұнда зейнет жасындағы белсенді пациенттер «Белсенді ұзақ өмір сүру» клубына келіп, денсаулығын нығайта алады. Дәрігерлердің айтуынша, емханаға тіркелген егде жастағы тұрғындар осы клуб жұмыстары шеңберінде аптасына үш рет тегін йогаға келеді. Сонымен қатар олар бір аптада екі рет скандинав жүрісі бойынша сауықтыру іс-шарасына қатысады.

– Алпыстан асқан мұндай пациенттер көбіне медициналық көмектен гөрі, көңіл бөлуді аса қажет етеді. Мұнда келіп, бір-бірімен қауқылдасып, түрлі іс-шараларға қатысып, көңілі көтеріліп қалады. Олар содан қуат алады. Өздерінің ватсап чатта топтары бар, сонда оларға қашан, қайда, не өтетіні хабарланып отырады. Мәселен, Скандинав жүрісі бойынша емханада арнайы таяқтар алынған, сонымен қарттарымыз қасымызда тиіп тұрған «Жеруйық» паркіне барып жаяу жүреді, – дейді дәрігер.

«ЖАСТАР ДЕНСАУЛЫҒЫ» ОРТАЛЫҒЫ КЕҢЕС БЕРЕДІ

Бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсететін ұйымдағы «Жастар денсаулығы» орталығына 11-ден 29 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар келіп, көкейіндегі түрлі сұрақтарына жауап алады. Бір айта кетерлігі, бұл орталыққа емханаға тіркелмесе де, кез келген жас қала тұрғындары өзінің мәселесін айтып, келуіне болады. Мамандар кеңесінен бөлек, олар түрлі пайдалы іс-шаралар өткізуге тартылады. Орталықта жастарға гинеколог, уролог, дерматолог, психолог, әлеуметтік қызметкер және заңгер тегін консультациялық көмек береді.

– Тіпті олар алдын ала жазылмай-ақ, біздің әлеуметтік желідегі парақшамызға жазу арқылы да келіп, көмек алады. Ең бастысы, олардың бізге сеніп келуіне айтқан қиындықтары мен мәселелері өте құпия сақталатындығы себеп болады. Біз емхана аумағына қарайтын 13 мектепке барып, кездесулер ұйымдастырып, дәріс оқимыз. Сондай кездесулерден кейін де олар бізге сенім артып, келе бастайды, – дейді аталған орталық басшысы Баян Бегенова. Оның айтуынша, жастар көбіне ата-анасымен, сыныптас достарымен, ұстаздарымен арадағы келіспеушіліктерге, буллинг мәселесіне орай хабарласады. Сондай-ақ өтпелі кезеңде жүрген қыздар бетіне безеу шығып, өзіне сенімі азайғанда ақшасы болмаса, осы орталық арқылы дерматологқа тегін қаралу үшін келеді. Гинекологтар кеңесін күніне 15-21 жас аралығындағы кемінде 2-3 қыздар мен ер балалар алады.

ЕМХАНАНЫҢ «ҮЙ МАҢЫ ДӘРІГЕРІ» АШЫЛАДЫ

Тіркелген халық санының көптігі және емханаға қарайтын аумақтағы көптеген үйлер үшін емдеу мекемесінің алыстығынан «Үй маңы дәрігері» филиалын ашу жоспарланды. Сөйтіп биыл 10 қазанда елордадағы Тәуелсіздік даңғылы, 20/1 үйі мекенжайынан осы жобамен емхана филиалы ашылатын болды. Мұнда терапевт және педиатрия бөлімшесі ашылып, сол маңдағы тұрғындар үшін бастапқы медициналық көмек көрсететін болады.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ВЕЛОСИПЕД ТЕБУ ПАЙДАЛЫ МА?

Ғалымдар велосипедпен жүру қатерлі дерт пен жүрек аурулары қаупін екі есе азайтатынын анықтады. Бес жылға созылған зерттеуге 250 мың британдық, соның ішінде қатерлі дерт диагнозы қойылған 3748, жүрегі ауыратын 1110 адам қатысқан.

Бес жыл ішінде олардың 2430-ы қайтыс болған. Зерттеу нәтижесінде велосипедпен жүру өлім қаупін қатерлі дертке шалдыққандарға 45 пайызға, жүрегі ауыратындарға 46 пайызға азайтқан. Басқа жағдайда бұл көрсеткіш 41 пайызды құрайды. Зерттеуге қатысушылар велосипедпен аптасына орташа есеппен 48 км жүрген. Көп жүрген сайын денсаулық та жақсара түскен. Бұл зерттеу велосипедтің адам денсаулығына пайдасы мол екенін көрсеткен. «Сондықтан веложолдарды көбейту керек» дейді зерттеуші докторлардың бірі Джейсон Гилл. Ғалымдардың айтуынша, аптасына орташа есеппен 9-10 км жаяу жүру жүрек аурулары қаупін азайтады. Бірақ мамандар жаяу жүргеннен гөрі велосипедтің тиімді екенін айтады. Cancer Research UK өкілінің айтуынша, велосипедпен жүру арқылы спорт залға бармай-ақ денсаулықты нығайтуға болады. Тек оны тұрақты түрде күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктердің біріне айналдыру керек. Мысалы, жұмысқа велосипедпен барып келуге болады.

2018 жылы елорданың 20 жылдығын тойлау шеңберінде Астана қаласында велосипед көлігін дамыту бойынша бірінші кезектегі жобаны жүзеге асыру басталды. Бағдар Орталық парктен басталып, «Жасыл белдеу» аумағындағы бұрыннан бар веложолға қосылды. Осы белдеу аумағында ұзындығы 23 км веложол салынды. 2020 жылы екінші кезектегі «Велосипед көлігінің инфрақұрылымы» жобасы жасалды. Сол бойынша ұзындығы 123 км веложол салу жоспарланды. Жалпы бұл жоба үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңінде – Алматы ауданында ұзындығы 46,4 км веложол мен 22 орындық велосипед тұрағын салу. Екінші кезеңі – Есіл ауданында 35,9 км веложол мен 18 орындық велосипед тұрағын салу. Үшінші кезең – Есіл ауданында 39,4 км веложол мен 11 орындық тұрақ салу. Жоба бойынша былтыр 400 млн теңге бөлініп, соған сәйкес бар болғаны 7,5 км веложол салынған. Құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты қазіргі таңда жобалық сметалық құжаттамаға түзетулер енгізілуде.

Материал «Жас-Ай» медициналық журналынан алынды.

№121 (4399) 13/10/2022 Бейсенбі

ЖЕТІМ КӨРСЕҢ ЖЕБЕЙ ЖҮР...

НЕМЕСЕ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘЛІМГЕРЛІК ИНСТИТУТЫ БІЗГЕ НЕ БЕРЕДІ?

Қазір елімізде әлеуметтік жағынан аз қорғалған жандар, әлеуметтік әлсіз топтар қорғансыз күйде қалып отыр ма? Бұл топқа белгілі бір жағдайға байланысты үйінен, асыраушысынан немесе еңбек ету қабілетінен айырылған (туғаннан болмаған) азаматтар жатады.
Қазақстан халқының әлеуметтік жағынан әлсіз тобына жататындардың жалпы саны 5 млн адамнан астам, бұл – шамамен ел халқының ширегіне жуығы.

«QOLDAU» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ НЕ ҰСЫНАДЫ?

Білім беру орындарындағы «Qoldau» қоғамдық бірлестігі қамқоршылық кеңесі Балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге, әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы жасөспірімдерге, қиын өмірлік жағдайда қалған балаларға қатысты еріктілердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу бойынша «Birgemiz: sabaqtastyq» әлеуметтік жобасын іске асырып келеді. Білім саласында «Тәлімгерлік» институтын дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірленеді.

Бұл жоба Балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге, әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы жасөспірімдерге, қиын жағдайға тап болған балаларға қатысты еріктілердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу бойынша үш жыл бойы жүргізіліп келеді.

Қамқоршылық кеңесі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қоғаммен бірге дамып, сіңісіп кетуіне, әлеуметтік ортада тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайды.

«Біз жүйелі, жан-жақты қолдаудың арқасында тәлімгерлік пен ойластырылған әрекеттердің, әлеуметтік және кәсіптік бағдарларды дамытуға және бағдарламаға қатысушы балалардың әлеуетін ашу үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған қарым-қатынас дағдыларының арқасында балалардың өмірі қалай жақсы өзгеретінін көріп отырмыз. Ал оны қамқоршылық кеңесі арқылы іске асыру білім беру ұйымдарында кешенді және жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді» деп бұл туралы «Qoldau» білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігінің директоры Фарида РАЙЫМЖАНОВА бізбен сұхбатында айтты.

– Қоғамдық бірлестік қандай мақсатпен құрылды?

– Бүгінгі таңда қазақстандық қоғам білім беру саясатына жауапкершілікпен және нәтижелі ықпал ету, басқарушылық шешімдер қабылдау, білім берудің барлық субъектілері үшін салауатты әлеуметтік орта құру мүмкіндігімен байланысты білім берудің әртүрлі мәселелерін шешуде мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимыл жүріп жатқан кезде белгілі бір өзгерістерге ұшырайды.

ҚБ құрудағы мақсат – білім беру ұйымдарында ҚК қызметін жандандыру, өйткені ҚК-нің басты мақсаты – балалардың құқығы мен мүдденің орындалуын қоғамдық бақылау, осы бағытта олардың қоғамда толыққанды тұлға болуына жәрдемдесу. Мәселен, 2019 жылы қыркүйекте Қазақстанда алғаш рет «Qoldau» білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігі құрылды және бұл азаматтық сектор – қамқоршылық кеңестер сияқты маңызды институттың дамуына қосылатын бірегей тәжірибе.

– Қоғамдық бірлестіктің басты миссиясы қандай?

– Біздің миссия – «Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестерін институционализациялау арқылы қоғамдық сананы жаңғыртуға көмек көрсету, өйткені болашақ ұрпақты тәрбиелеу – барлығымызға ортақ іс. Бұл – үлкен әрі жауапкершілікті талап ететін міндет. Біз, қоғамның саналы азаматы ретінде, қоғамдағы балаларымыздың тәрбиеленуі мен білім алуына жауапты екенімізді жадымызда сақтауға тиіспіз және де «ойын ережелерін» бірлесіп белгілеуіміз керек, өйткені бұл балаларымыздың игілігі үшін, қоғамымыздың болашағы үшін қажет.

– Іске асырылып жатқан жоба туралы қысқаша айтып өтсеңіз.

– Қамқоршылық кеңестегі тәлімгерлік жүйе білім беру орындарындағы қамқоршылық кеңесі «Qoldau» қоғамдық бірлестігі балалар үйіндегі тәрбиеленушілерге, әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы жасөспірімдерге, қиын өмірлік жағдайда қалған балаларға қатысты еріктілердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу бойынша «Birgemiz: sabaqtastyq» әлеуметтік жобасын іске асырады.

Тәлімгерлік жүйесін енгізудің негізгі құралы – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйіндегі қамқоршылық кеңесі. Тәлімгерлік – жетім балаларға көмектесудің ең тиімді және маңызды әдістерінің бірі. Бұл – ересектер мен баланың арасындағы жеке қарым-қатынас, ол жетім балаларға өзінің қажет екенін түсініп, әлемге деген сенімін қалпына келтіруге көмектеседі. Біз жүйелі, жан-жақты қолдау арқасында тәлімгерлік пен ойластырылған әрекеттердің, әлеуметтік және кәсіптік бағдарларды дамытуға, бағдарламаға қатысушы балалардың әлеуетін ашу үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған қарым-қатынас дағдыларының арқасында балалардың өмірі қалай жақсы өзгеретінін көріп отырмыз. Оны қамқоршылық кеңесі арқылы іске асыру білім беру ұйымдарында кешенді және жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді.

– Жоба аясында қандай іс-шаралар қамтылып жатыр?

– Жоба аясында тәлімгерлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған республика көлемінде бірқатар ауқымды іс-шаралар қамтылуда. Соның бірі жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне, қамқоршылық кеңес мүшелеріне арналған онлайн-тренинг форматында «Qoldau тәлімгерлік платформасы» атты оқыту бағдарламасы жүзеге асырылды.

Бағдарлама аясында қатысушылар тәлімгерлердің кім екенін, олардың мақсаты мен міндеті қандай екенін, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың эмоционалдық мінез-құлқы туралы не білуі керек, қандай ерекшелігі бар екенін білді, сондай-ақ тәлімгерлерге баламен тиімді қарым-қатынас жасау және балалардың мінез-құлқының себептерін түсіну дағдыларын қалыптастыруға көмегін тигізді.

Сонымен қатар еріктілерді тәлімгерлік тәжірибеге тарту мақсатында шағын гранттар байқауы ұйымдастырылып, еліміздің өңірлерінен 100-ге жуық өтінім берілді, соның ішінен әртүрлі тақырыпты қамтитын 30 әлеуметтік жоба жеңімпазы анықталды. Байқаудың мақсаты – еріктілерді тәлімгерлікке тарту, олармен серіктестікті нығайту, балаларды әлеуметтендіруге көмектесу, олардың өмірлік, кәсіби дағдыларын қалыптастыруына ықпал ету. IT саласы, тігін тігу, бьюти саласы, балық аулауды үйрену, суретке түсіру, спорт, кәсіби сурет салу, кітап оқуға құштарлықты арттыру.

– Шағын гранттар туралы толығырақ айтсаңыз.

– Осы жылы біз шағын гранттар байқауын ұйымдастырдық және барлық грант иегерлері тамаша жұмыс істеді деп айта аламыз. Бұл – интернаттық мекемелерде тәлімгерлік қызметті дамытудың тағы бір жолы. CISC және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қолдауымен 300000 теңге – 30 грант бөлінді. Грант иегерлері Қазақстанның барлық аймақтарындағы ҮЕҰ және бастамашыл топтар болды. Жобалардың бағыты әртүрлі болды, бұл бізді қуантпай қоймады. Сондай-ақ терезе мен киім-кешек шығару, тамақ дайындау, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт үйірмелері ұйымдастырылды. Балаларды коммуникативті және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларына баулу, балық аулауға, SMM контентін жасауға және маникюр жасауға үйретті. Бұл – біздің грант иегерлерінің 3 айда қол жеткізген жұмысының аз ғана бөлігі.

> Елімізде әртүрлі өмірлік қиын жағдайға тап болған және де бұл жағдайды өз бетімен немесе отбасының көмегімен жеңе алмайтын көптеген балалар мен жасөспірімдер бар. Бүгінде білім саласының өзінде республика көлемінде 80-ге жуық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары бар. Ол ұйымдарда 4000-нан астам бала тәрбиеленуде

Шағын гранттарды ұйымдастыру – интернаттық мекемелерде тәлімгерлік қызметті бастауға жақсы ынталандыру. Қиын жағдайда қалған балаларға көмектескісі келетіндерге жақсы мүмкіндік болды.

– Тәлімгерлік не үшін керек?

– Жасыратыны жоқ, әртүрлі өмірлік қиын жағдайға тап болған және де бұл жағдайды өз бетімен немесе отбасының көмегімен жеңе алмайтын көптеген балалар мен жасөспірімдер бар. Бүгінде білім саласының өзінде республика көлемінде 80-ге жуық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары бар. Ол ұйымдарда 4000-нан астам бала тәрбиеленуде.

Тәлімгерлік – өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көмектесудің ең тиімді және маңызды әдістерінің бірі. Бұл – ересектер мен баланың арасындағы жеке қарым-қатынас, ол балаға өзінің қажет екенін түсініп, әлемге деген сенімін қалпына келтіруге көмектеседі.

– Тәлімгерлік туралы енді ғана ойланып жүргендерге қандай кеңес беруге болады?

– Ең бірінші кеңесім – қиындықтардан жасқанбау, өзіңізге не керек екенін түсіну, бар біліміңізбен, тәжірибеңізбен, уақытыңызбен, рухани байлығыңызбен бөлісуден тартынбаған дұрыс. Өзіңізге мұқтаж адамдар үшін қажетті екеніңізді сезініп, мағыналы өмір сүруге тырысқан жөн.

– Жобаның өміршеңдігін, болашағын қалай елестетесіз?

– Біздің жоба республика көлемінде, еліміздің барлық өңірлердегі жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған ұйымдарда тәлімгерлік тәжірибесін насихаттап, Қазақстанда алғаш рет құрылған бірегей білім беру ұйымдарындағы «Qoldau» қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестігі арқылы азаматтық сектор – қамқоршылық кеңес институтын дамыту үшін бағытталған. Институт, колледж, мектеп, интернаттық мекемелермен тікелей тығыз байланыс арқылы тәлімгерлік жүйенің әлеуметтік инфрақұрылымын әрі қарай өркендетуді мақсат етеміз. Қамқоршылық кеңестің мүшелері: ата-аналар, мемлекеттік қызметкерлер, үкіметтік емес ұйымдар, меценаттар, Мәжіліс, Сенат депутаттары, қоғам қайраткерлері. Білім беру ұйымдарындағы «Qoldau» қоғамдық бірлестігі осы қамқоршылық кеңестерін біріктіріп, шоғырландыратын жалғыз ұйым. Сондықтан ол – мемлекеттік ұйымдар мен қоғамдық ұйымдардың арасындағы алтын көпір. Бұл ретте жобаның өміршеңдігіне кәміл сенеміз. Тәлімгерлік жүйенің әлеуметтік инфрақұрылымы құрылып, ауқымды волонтерлік қауымдастық нығайса, қолдаушы қоғам қалыптасқанда, өмірлік қиын жағдайда қалған балаларды толық қамтитын боламыз.

Сұхбаттасқан **Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

Академия, кітапхана, музей функциясын біріктірген «даналық үйіне» жол түсті. Ондағы мақсат – жазушы Дүкенбай Досжанның мол рухани мұрасымен қанығу арқылы қаламгердің болмыс-бітімімен, қабілет-қасиетімен тереңірек танысу. Қазақ руханиятының шамшырағына айналған Ұлттық академиялық кітапханасының бір залы Дүкенбай Досжанның шығармашылық шеберханасына арналыпты. Онда жазушының қолымен ұстап, оқып, зердесіне түйген кітаптары және өзі жазған еңбектері, тұтынған заттарды таба аласыз.



ШАБЫТ ШЫРАҒЫ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Кітапхананың сектор меңгерушісі Альфия Ілиясованың сөзінше, Дүкенбай Досжан атымен аталатын «Жазушы» оқу залының кітап қорында 1000-ға тарта кітап бар. Оның ішінде, батыс, орыс және қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушыларының кітаптарын табуға болады. Авторлардың қолтаңбасымен Дүкеңе кітаптар сый ретінде берілгенін көрдік.

Қазақ әдебиетінде өнімді еңбек еткен Дүкенбай Досжанның еңбектерінен музей іспеттес зал қалай жасалғанын Сәуле Досжанова апайдан білдік.

– Дүкең тірісінде елордада Абылай хан мен Мағжан Жұмабаев көшесінің қиылысы тұсынан жер учаскесін алып, екі қабатты үй салып, қайтыс болғаннан кейін музей болар дейтін. 2013 жылы 15 қыркүйекте мәңгілік мекеніне аттанып, қазақ халқы қайғырды. Қаламгердің жылына замандастарының естелігі қамтылған «Тарланбоз» кітабы жарық көрді және менің авторлығыммен «Құдіретті қалам иесі», «Менің жалғыз серігім» атты еңбек көпшілікке таратылды.

Содан жазушының аманатын орындау мақсатында бас шаһардың әкімдігінің есігін аштым. Сол кездегі қала әкімінің орынбасарына Дүкеңнің аманатын жеткіздім. Басшы музейді ұстап тұратын қаржы тапшы екенін айтты.

Ұлттық академиялық кітапхананың директоры Үмітхан Мұңалбаева тарихи тұлғалардың залын кітапханада ашқанын жақсы білетінмін. Ұсынысты Үмітхан Дәуренбекқызына білдіргенімде, «үйіңізді кітапхананың бөлімшесі ретінде аша алмаймыз, алайда тұтынған заттары мен кітаптарын берсеңіз, кітапханадан бір зал ашуға болады» деді.

Сөйтіп, кітапхананың шағын залын жасақтауға Дүкеңнің отырған орындығы, жұмыс үстелі, қаламы, көзілдірігі, тіпті компьютерін бердік, – деді жазушы С.Досжанова.

Бізді қызықтырғаны – проза саласында өнімді еңбек еткен Дүкенбай Досжанның 11 романы, 18 повесть, 22 хикаят, 100-ден астам әңгімесі енген еңбегін зерделеу.

Жазушының тұлғатану тағылымын дәріптейтін «Абайдың айнасы», «Абайдың рухы» ғұмырнамалық зерттеу еңбегі және Әуезовтану ілімінде құнды еңбек саналатын «Алыптың азабы», «Мұхтар жолы» деректі прозасы қазақ әдебиетіне қосылған құнды еңбектер екені даусыз.

Өмірінің мазмұнды кездерін бірге өткізген жазушы Сәуле Досжанова: «Жазу үстелінің оң жағында Мұхтардың жігіт кезіндегі суреті мен оның ата-анасына салдырған мазарының суреті тұратын» дейді.

Академиялық кітапханадағы «Жазушы» залындағы жазушының жұмыс үстелінде Мұхаңның осы суреті назар аудартпай қоймайды. Көзінің қарашығындай сақтаған тарихи тұлғаның суреті құнды жәдігерге айналғандай. Осының өзі Дүкеңнің ұлы жазушы М.Әуезовке деген құрметі теңдесіз болғанын, әрі «Мұхтардың жолы» рухани ұстазының рухына тағзым еткені деп қабылдағанымыз дұрыс.

Жалпы Дүкеңнің Мұхаңа деген шынайы шәкірттік ықылас-ниеті қаламгердің өміріне сәуле құйып, бағыт-бағдар бергені анық. Бұл туралы Сәуле Досжанова былай еске алады: «Дүкеңмен «Мұхтар жолын» жазып, баспаға тапсырған кезде таныстық. 1988 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан роман-толғаудың соңғы бетінде «корректоры Сәуле Қожахметова» деп менің де қыз күнімдегі аты-жөнім жүр. «Мұқаң жайлы осы романды аяқтағанда бір бақытқа кенелетіндей, өміріме жарық сәуле түсетіндей, өзгеріс болатындай болып жүрдім» деп еске алатын ол. «Сол Мұқаңның әруағы табыстырған жарық сәулем – Сен болдың!» деп хат жазатын. Екеумізді бақытқа бөлеген, өсіп-өндірген шаңырағымыз да Мұхтар Әуезов көшесінде еді.

Еліктегені сонша – Мұхаңдікі сияқты сұр макинтош киіп жүретін сол жылдары.... Екеуміз қосылғаннан кейін жылына бірнеше рет, міндетті түрде Мұхаңның туған күні – 28-қыркүйекте мұражайына баратынбыз. Балаларды да сонда алып барып әңгіме айтып беріп, суретке түсіріп жүретін. Кейін немерелермен баратын болдық. Бұл біздің отбасы үшін керемет дәстүрге айналды. Отбасымызбен Астанаға қоныс аударғанда да Дүкең Алматыға жолы түскенде міндетті түрде Мұхтар Омарханұлының мұражайына барып тұратын. 2013 жылғы 13 қыркүйекте де сол мұражайға барып, қоштасқандай болып ұзақ аралап кетіпті...».

Жазушының шығармашылық тақырыбы кең. Соның бір арнасы – тарихи сананы жаңғыртып, көне замандардан негіз тартатын «Жібек жолы», «Отырар», «Фараби» кітабы. Өктем саясаттың салдарынан аштықтан қырылып, асыл тұлғалары атылып, асылған зұлмат кезеңдерден өткен адамдардың мінез экологиясын ашып жазған «Зауал», «Дария», «Кісі ақысы», «Табалдырығыңа табын», «Жолбарыстың сүрлеуі» кітабын таным талабымен өлшегенде салмақты дүниелер екені анық. Мұны жазушының тақырыптық бағытының тағы бір арнасына жатқызуға болады. Дүкеңнің жазушылық тағы қыры – шығармасының тілі жеңіл, оқиғасы қызықты, бастысы, ойы анық, бояуы қанық ұлттық этнографиялық нышандар көптеп кездеседі. Ол балалар әдебиетін қалам тартқан санаулы қаламгерлердің санатынан саналады. Мәселен, «Қымыз», «Шабандоз», «Бастаңғы», «Кісі ақысы», «Өрік», «Жігіттің бір жұрты», «Құмда қалған кемелер», «Екі дүние есігі», «Жолбарыстың сүрлеуі» және т.б. әңгімесінің орны биік.

Ғалым Алпысбай Мұсаев: «Дүкенбай Досжанның прозасы қарапайым теңіз сияқты, ол өз арнасында мөлдір ағыспен шымырлап жатыр. Оның ішінде әңгімелері кемеріне соққан толқындар тәрізді алуан-алуан. Бір-біріне ұқсамайтын бөлек-бөлек дүниелер...» десе, лингвист Әсем Қоспағарова: «Д.Досжан әңгімелеріндегі қазақы тұрмыс-тіршілік, қазақы ой-сана, ұлттық салт-дәстүр, ешкімге ұқсамайтын қазақы мінез айқындалып, дәл суреттеліп, бейнеленген» деп бағасын береді.

Өз басым Д.Досжанның шығармашылығын ерлік пен елдікті, өрлік пен өжеттілікті ту еткен туындылары биіктетеді деп білемін. Мәселен, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі жайлы «Алаңды» жарыққа шығаруы өр рухты дәріптеумен қатар қаламгердің ерлігі деп бағалаймын. Жазушы туындыларының шоқтығы биік болуында шынайы ауыл өмірі, ауыл тұрғындарының сан қилы тағдыры, еңбек адамының жарқын бейнесі, сондай-ақ дәстүрді дәріптеп, салтты сыйлауға үйретеді. Бәрінен бұрын, өлкетану шежіресі тұнып тұрады.

Оңтүстік өңірде «дария» деген ұғым бар. Суы мол, көлемі кең өзен деген мағынаға саяды. Парсы тілінде «теңіз, ұлы өзен» дегенді білдіреді. «Дария» деп аталатын роман – жазушының кіндік қаны тамған жердің сурет көшірмесі, көгілдір бояуы сіңген туындысы. Экологиялық тақырыпты арқау еткен романда жер-су аттары, тарихи орындар туралы мол ақпарат алуға болады.

«Қаратаудың ең биік шыңы Мыңжылқыға шығарсыз: бетіңізді күн батысқа бұрарсыз. Сонда қалың жыныс қара шатқалдан басталып, көгілдір жібек жіптей мың бұратылып, түстік батысқа құлдап жатқан жеті өзенді көресіз. Олар Ақүйік, Талдысу, Кіші айрық, Орта айрық, Бас айрық, Қарашық, Майдамтал деп аталады. Өзендер тай аңғарынан соралап шығады да, Сырдарияға құя алмай, орта жолдағы шөлейт далада жоғалады. Боз өлекенің мерейін қандыра алмайды. Сол бүйірден көк жебедей боп сұғынған Арыс-Мейрамқала каналы бұл далаға жетпей, Сауран тұсынан үзіледі. Содан Қаратау мен Сырдария арасындағы осы бір оқшау даланы суландыру ісі талайды толғандырушы еді».

Жазушы Д.Досжан туған жерінің жай-күйіне шынайы алаңдап, елдің ырысын арттыруда табаны қураған даланы суландырудың маңызын меңзейді. Расында бүгінде тау мен өзеннің арасындағы бес-алты елді мекен әлеуметтік әлеуетін арттырудың түрлі жолын қарастырғанымен, аяқ судың тапшылығы қолбайлау болып тұр.

Міне, осындай құнды кітаптарды академиялық кітапханың оқу залынан таптық.

Дүкеңнің әңгімелерімен оқушы кезіміздің таныспыз. Әрі қазақ әдебиетінде өнімді жазған жазушы ретінде белгілі. Бір ғана дәлел, 2008 жылы сол кездегі Қызылорда облысының әкімі болған Мұхтар Құл-Мұхаммедтің бастамасымен баспа көрген «Сырдария» атты сериялық 100 томдық кітаптың 1, 2, 3, 4 томына Дүкенбай Досжанның еңбектері қамтылды.

Біріншіден, Дүкеңнің хикаяттары мен естелік-әсселері, әңгімелері мен повестері «Сырдарияның» алғашқы томдарына берілуі, жазушының шығармалығын мойындау деп білеміз.

Екіншіден, Сыр өңірі ақын-жазушыларының таңдамалы шығармаларын жинақ еткен көптомдықтың төрт томын қамтитындай мазмұнды дүниесі болғаны ғой!

1959 жылы «Ленин туы» газетінде Д.Досжанның «Жылқышымын» деген өлеңінен бастап, 2009 жылға дейінгі 50 жылда 924 шығармасы газет-журналдардың мазмұнын байытып, түрлі жинақтарға еніп, бөлек кітап болып шықты. 1966 жылы 24 жасында Дүкеңнің «Жазушы» баспасынан «Жусан мен гүлдер» жинағы 24000 таралыммен шыққанының өзі неге тұрады? Былайғы қаламгерлер қызыға да, қызғана да қарайтын жетістік. Мұны жазушының өмірі мен шығармашылық шеберханасы туралы хабар беретін «Көркемсөз шебері» библиографиялық көрсеткіші айғақтайды.

Жазушының өзі айтқандай, жазушылық кітап жазу – атақ шығару емес, жер әлемді бояумен безендерлеу, шер тарқатудың бір құралы. Яғни бойына дарыған сөз өнерін еңбекпен, ізденіспен ұштап, шығармашылық шеберлігін шыңдап, оқырманына мейлінше мол рухани мұра қалдыруды көздеді. Жазушы бұл мақсатына жетті де.

Қаратаудың қасиетін танитын тағы бір жазушы Жолтай Әлмаш:

– Д.Досжан шығармашылығының сөздік қоры құнарлы, лексикалық байлығы сан салалы, сөз саптауы әралуан. Оның ішінде сонау ықылым заманнан бастап қолданылатын көне сөздермен қатар, бүгін кәдеге жарап жатқан тіркестер аз емес, – дейді.

Оның шығармашылық шеберханасын нысанаға алғанда елорда төріндегі еңбегін де елеусіз қалдыруға болмайды. XXI ғасырдың басында Астанаға қоныс аударып, қаламгерлік қуаты артып, екінші тынысы ашыла түсті. «Дала гладиаторлары», «Ақ Орда», «Астананың бас архитекторы» деректі хикаяты баспа көрді.

Астана төрінде қаламгермен ұшырасқан, кездескен, сырласқан адамдардың қам-қарекеті, арман-мұраты, қабілет-қарымы көрініс тауып, әрі қилы бояу-белгімен көркемдеу тәсілін пайдаланып, сан-саналы, ауқымды рухани дүниелер жазды.

Д.Досжанның сөз өнерінде өндіре жазып, ой бәйгесінде шын жүйріктей шабуы – заңдылық та. XX ғасырдың 60 жылдары қазақ әдебиетіне қосылған Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Сұлтан Оразалиев, Тынымбай Нұрмағамбетов сынды талантты да талапты қаламгерлердің ортасында шын жүйріктерге ғана орын болды. Оның үстіне, дәрісін тыңдап, тағылымын танып, өнегесін сіңірген ағартушы-ғалымдар Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Мұхаметжан Қаратаев, Мәулен Балақаев және т.б. аманатына адалдық танытуы тиіс-тұғын. Оған көзін көріп, батасын алған Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетов сынды әдебиеттің ірі өкілдері салған сара жолды лайықты жалғастыруы тиіс еді.

Ортаның, аға буынның, ұстаздарының рухани әсерінен, өзінің ізденгіш, еңбекқор қалыбынан Дүкенбай Досжан ұлт руханиятының биігіне көтерілді.

Ендігі уақытта жазушы өзінің рухани-мәдени мол мұрасымен оқырманын сусындатып, адамгершілік пен адалдықты дәріптей береді.

Әттең, тірі болғанында жазушының 80 жылдығын дүрілдетіп тойлап жатар ма едік?

Әзірге Алматы, Астана қаласындағы екі көше, сондай-ақ Қорқыт ата университетіндегі электронды кітапханаға қаламгердің есімі берілгені көңілге медеу болады.

Ұлтына осындай еңбек сіңірген қайраткер қаламгерді қалай дәріптесек те жараспай ма?!

> Жазушының өзі айтқандай, жазушылық кітап жазу – атақ шығару емес, жер әлемді бояумен безендерлеу, шер тарқатудың бір құралы. Яғни бойына дарыған сөз өнерін еңбекпен, ізденіспен ұштап, шығармашылық шеберлігін шыңдап, оқырманына мейлінше мол рухани мұра қалдыруды көздеді. Бұл мақсатына жетті де

> Ғалым Алпысбай Мұсаев: «Дүкенбай Досжанның прозасы қарапайым теңіз сияқты, ол өз арнасында мөлдір ағыспен шымырлап жатыр. Оның ішінде әңгімелері кемеріне соққан толқындар тәрізді алуан-алуан. Бір-біріне ұқсамайтын бөлек-бөлек дүниелер...» десе, лингвист Әсем Қоспағарова: «Д.Досжан әңгімелеріндегі қазақы тұрмыс-тіршілік, қазақы ой-сана, ұлттық салт-дәстүр, ешкімге ұқсамайтын қазақы мінез айқындалып, дәл суреттеліп, бейнеленген» деп бағасын береді

ДҮКЕНБАЙ ӘЛЕМІ

2022 жылдың 14 қазанында сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» орденінің иегері Дүкенбай Досжанның 80 жылдығына арналған «Дүкенбай Досжан әлемі: жазушылық зертханасы және ұлт тағдыры» атты рухани-мәдени іс-шара өтеді.

Оған елге белгілі ғалым-қаламгерлер – Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты Жандарбек Мәлібеков, академик, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы, ғалым, жазушы, драматург, алаштанушы Жолтай Жұмат-Әлмашұлы, «Егемен Қазақстан» газеті ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы және т.б. қатысады.

№121 (4399) 13/10/2022 Бейсенбі

Фото интернеттен алынды

МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС: ЗАЛАЛЫ БАР МА?

Газетіміздің белсенді оқырманының бірі – Мәлсь Ысқақов телефон арқылы хабарласып, №115 (4393) нөмірден «Миграциялық үрдіс: күнгей мен көлеңке» атты мақаланы оқығанын, алайда Ресейден келетін көштің залалы мен зардабына неге тоқталмағанымызды сұрады. Содан осы бағытта ізденіп көрдік.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

НЕ ІСТЕЙМІЗ, ҚАНДАЙ АМАЛ БАР?

Алдымен көші-қон нөпірі және ресейліктерді елге қабылдауда ескеру керек мәселені талдасақ.

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Қазақстанға 200 мыңнан астам Ресей азаматы кірсе, 147 мыңы елден кеткенін мәлімдеді. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің сөзінше, 70 мың ресейлік ЖСН алды. Ал Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша мигранттар саны 350 мыңға жетті. Қайсысына сенеміз, көшіп-қонушылар туралы цифрда жүйе жоқ, бір-бірімен сәйкеспейді. Екі министрліктің дерегін салыстырып көрейікші, Ішкі істер министрінің мәліметі бойынша елде 53 мың ресейлік қалуы тиіс, алайда 70 мың ресейлік ЖСН-ді қалай алып, елге қоныстанды. Бейресми дерек көздеріндегі ақпарат шындыққа жақын секілді. Мәселен, Қазақстанның ұялы байланыс операторы Beeline-ға 1 миллион 680 мың ресейлік қосылыпты. Соның салдарынан интернеттің жылдамдығы баяулапты-мыс.

Үкімет миграцияға байланысты дерек пен дәйекті біріздендіріп, сенімді ақпарат берер. Маңыздысы, елге келген еріксіз мигранттарға қандай шара қолдану керек?

Нұртөре ЖҮСІП, сенатор:

«**Біріншіден,** жағдайды анықтап, жедел шешім қабылдау үшін Премьер-министр арнайы мемлекеттік комиссия құрып, оны не өзі, не орынбасарының бірі басқаруы тиіс. Комиссия келіп жатқандардың санын, жасы мен жынысын, жұмысы мен мамандығын, басқа да жеке басына қатысты, оның ішінде түрлі қылмысқа қатысын анықтауға арналған мәліметтер базасын құруы қажет.

Екіншіден, комиссия келгендердің өтініші мен басқа да тіршілікке қатысты бұйымтайын қарап, тиісті шешімді Үкіметтің қарауына ұсынуы керек. Алдымыз – қыс. Келгендердің қаржысы, азық-түлігі таусылуы мүмкін. Елдегі қымбатшылық онсыз да өршіп тұр. Стратегиялық тұрғыда ең алдымен Қазақстан тұрғындары тарықпауы тиіс. Бұл ретте мемлекеттің материалдық-техникалық мемлекеттік резерві қаншалықты? Соның бәрі қайта есептелуі тиіс.

Үшіншіден, құзырлы органдар – Ішкі істер министрлігі, ҰҚК, Шекара қызметі мен Миграция комитеті Қазақстанның әр аймағына жергілікті өңірлер басшылыққа алатын нақты іс-әрекеттер пакетін әзірлеп, қажетті нұсқаулықтарды ұсынуы тиіс. Бірінші кезекте түрлі арандату әрекеттерінің алдын алу, ұлтаралық жанжалды болдырмау, елдегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға бағытталған шараларды мемлекеттік комиссияға ұсынуы қажет.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасының бірқатар заңына – Көші-қон, Отбасы және неке тәрізді заңнамаларға күн тәртібінен туындайтын нормаларға, әсіресе ықтиярхат алу мерзімі мен азаматтық алу мәселелеріне қатысты өзгертулер мен толықтыру енгізуге тура келетін сияқты. 90 күнгі ықтиярхат мерзімін қайта қарау керек. Азаматтық алу үшін қазақстандық тұрғындармен некеге отыру тәртібі қатаң қадағалануы тиіс. Бұл норма да қайта қарауға жатады. Қазір некені рәсімдеу электронды әдіспен жүргізіледі. Мұндай некеге отырушылар 3 жылдан кейін оп-оңай азаматтық алудан дәмелі. Сондықтан бұл тараптағы заң баптарын қайта қарау өте маңызды.

Бесіншіден, келгендер елдегі пәтерақы мәселесін шарықтатып жібергені мәлім. Бұдан ЖОО мен колледж студенттері едәуір зардап шегіп отыр. Қыста не пәтер жоқ, не жатақхана жоқ, студенттеріміз қалай күн кешеді? Тұрақтап қалғысы келетіндердің бәріне баспана қайда? BI Group секілді құрылыс компаниялары уақытша баспана тұрғыза ала ма? Модульді баспана салу арқылы келгендерді арнайы лагерлерге орналастыру, сол жерде қазақ елінің заңдарымен, тұрмыс салтымен, мәдениетімен таныстыру, мемлекеттік тілді меңгеруге үйрету амалдары жасалса қалай болады? Өз тағдырын Қазақстанмен байланыстырғысы келетіндер де, уақытша ықтиярхатпен тұратындар да осындай ортақ талаптарды қабыл алуы тиіс».

Қазақстанға келген қашқындар унитарлы мемлекетке келгенін білуі тиіс, түсінбесе түсіндірудің еш артықшылығы жоқ. Неге дейсіз бе, Орал қаласында екі ресейлік ішімдікке тойып алып, көпшіліктің мазасын алса керек-ті. Содан соттың шешімімен елден шығарылды. Мұндай жағдай тағы қайталанбайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясының депутаттары Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа депутаттық сауал жолдап, бірнеше талап қойды.

Біріншісі – миграция қауіпсіздіктің қатерлерін ғана туғызбайды, саяси интеграциялық рөлі басым. Сондықтан Қазақстанда қанша Ресей азаматы бар екенін нақтылап, жауап беру керек.

Екіншісі – әрбір қоныс аударушының қос азаматтық фактісі бойынша тексеру және нәтижесі бойынша тиесілі құқықтық шара қолдану маңызды.

Үшіншісі – ақпараттық қауіпсіздікті қатаң бақылап, яғни әлеуметтік желілерге, келушілердің чаттарына контент сараптама жасалуы тиіс.

Расында, «орыс әлемі» идеясымен уланған ресейліктердің әлеуметтік желідегі аккаунтына мониторинг жүргізу – маңызды міндет. Империалистік-шовинистік саясатпен рухтанған қашқындар ұлтаралық кикілжің тудыруға себеп болуы да әбден мүмкін ғой!

Нұргелді ӘБДІҒАНИҰЛЫ, Abai.kz порталының бас редакторы:

«Әр қалада арнайы лагерлер құрылып (стадиондар, қонақүйлер), онда еріксіз мигранттарды орналастырып, оларды медициналық тексерістен өткізіп, психикалық, саяси көзқарасын білу маңызды. Бастысы, оларды балабақша мен мектепке, колледжге жұмысқа алмауы тиіс. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың ең оңтайлы жолы. Елге келген ресейліктердің арасында тыңшылық қызмет атқаратындары да болуы әбден мүмкін. Оған Қорғаныс министрлігінің маңында дрон ұшырып жүрген екі ресейлік азаматтың ұсталуы дәлел бола алады».

НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

Бұған дейін Ресейдің 382 азаматы біздің елде тұрақты тұру үшін және 64 азаматы Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға құжат тапсырғаны айтылған еді. Келген ресейліктердің басым көпшілігі тұрақты тұруға ниетті екені айтпаса да түсінікті. Өткенде Сауран көшесіндегі Халыққа қызмет көрсету орталығына барғанымызда, бірнеше ресейлік келешегін біздің елмен байланыстыратынын айтты да. Олардың арасында қос елдің азаматтығы бары да анықталды. Бұл ағымды біздің экономикамыз көтере ала ма? Ішкі ресурстық потенциалымыз жете ме? Міне, редакцияға хабарласқан ел ағасын осы сұрақ толғандырады екен.

> Бұған дейін екі бөлмелі пәтер орташа 160-180 мың теңгенің аралығында болған-ды. Қазір ше, 300-450 мың теңгеге құбылды. Бұл қаржыға пәтер жалдап тұруға ел азаматтарының қалтасы көтермейді. Өйткені теңге құнсыз, жалақы мардымсыз. Амалы жоқ жастар вокзал мен мешітті жағалап жүр. Бұл – шындық

– Миграцияның қоғамның этникалық құрамы мен әлеуметтік-демографиялық жағдайына әсері ескерілуі тиіс. Соңғы күндері Ресейден келген көштің салмағын көшеде, сауда орындарында көрудеміз. Орыстар қаптап кетті. Күнделікті дүкенге барамын. Немерелеріме тәтті аламын. Нансыз асты тамақсынбаймыз ғой! Алайда соңғы күндері кешкі сағат 17.00-ден кейін нан қалмайтын болды. Неге? Өйткені сұраныс артты. Солай! Енді нан қымбаттамаса болғаны, – деп ойын ашық білдірді Мәлсь Ысқақов.

Әрине, нарықтың заңдылығы сұраныс пен ұсынысқа сай реттеледі. Нарық өз бағамын солай табады. Ресейліктердің қарасы көбейген бойда жалдамалы пәтердің бағасы екі есе қымбаттап шыға келді. Ұзақ мерзімге келген қонақтар 3, 4, 5 жұлдызды қонақүйге қаржыны шығындамайтыны анық. Олар жалдамалы пәтер іздейді. Бұған дейін екі бөлмелі пәтер орташа 160-180 мың теңгенің аралығында болған-ды. Қазір ше, 300-450 мың теңгеге құбылды. Бұл қаржыға пәтер жалдап тұруға ел азаматтарының қалтасы көтермейді. Өйткені теңге құнсыз, жалақы мардымсыз. Амалы жоқ жастар вокзал мен мешітті жағалап жүр. Бұл – шындық. Ақсақалдың ойы осыған саяды.

Ресей басшысы В.Путин мобилизация жариялағалы орыстар көштің бетін Польша, Финляндия, Норвегия, Израиль, Эстония, Литва, Моңғолия, Грузия, Армения, Өзбекстан, Қырғызстан және т. б. елге бұрды. Қазақстан мен Ресейдің арасында 7,5 мың шақырымнан асатын шекарада 30-дан астам өткізу пункті барын ескерсек, біздің елге келушілер көп болатыны айтпаса да түсінікті.

Мейлі ғой, Еуразиялық экономикалық одаққа кірген елдердің келісімшартының аясында бір-бірінің алдында міндеті бар. Сол бойынша кез келген ресейлік халықаралық паспортсыз біздің елге келіп-кетсе, қазақстандықтар да солтүстіктегі көрші елге емін-еркін барып-қайта алады. Бұл түсінікті. Алайда оқырманымыз айтқандай, ұлы көштің залалы мен зардабы қандай болады?

Нұрлыбай ҚОШАМАНҰЛЫ, қоғам белсендісі:

«Ресейден әлемге жайылып кеткен орыстардың жалпы саны шамамен 15 миллионға жетті. Бұған алаңдамасақ, 2023 жылдың көктемінде 1,5-2 миллион ресейлік Қазақстанның еңбек нарығына келеді. Бұл аз болғандай, тәжік, қырғыз, өзбек мигранттары Қазақстанда тағы өріп жүр. Олардың да саны жыл сайын артып келеді. Ортаазиялық мигранттар Қазақстан еңбек нарығын жайлы көріп, соңғы 2 жылдың ішінде ішкі істер органдарынан 1,5 миллион рұқсатнама алып, оны тағы ұзартты. Мұндайда зиян шегетін – ішкі еңбек нарығы, екі қолға бір күрек таппай қиналатын тағы да қарапайым қазақтар».

Шыны керек, біздің елдің сервистік қызметі 3-4 миллион адам келсе көтере ала ма? Өте өзекті сұрақ. Екінші жағы, еңбек нарығындағы бәсекенің артқаны отандастарымызға ауыр тиетіні тағы анық.

Бірнеше күн бұрын көзі жәутеңдеп жүрген ресейліктер орнығып, қажетті пәтерін жалдап, бой үйретті. Енді не керек?

Бірінші кезекте – жұмыс. Қазір келушілердің көбі элиталық орыстарға жатады. Яғни тұрақты жұмыс істеген, тіпті табысты деуге болады. Өйткені олар міндіп жүрген көлікке біздің қарапайым азаматтар қол жеткізе алмайтыны сөзсіз.

Екінші кезекте – олар отбасын ертіп келген жоқ. Көпшілігі салт келді. Уақытша болса да әйел іздейтіні анық. Біздің елде «кәрі қыздар» мен ажырасқандар көп. Бұл дегеніңіз олар неке шартын жасаса, азаматтық алуы қиын болмайды.

Үшінші кезекте – олар да ет пен сүйектен жаралған, тамақ іздейді. Әсіресе ішімдік түрлеріне сұраныс артады. Сөйтіп «арақ ішу культі» басталады.

Төртінші кезекте – әлем бойынша Ресейде СПИД-тің таралуы жоғары. Көрші елде 1 миллионға жуық адам ВИЧ жұқтырғаны белгілі. Оның үстіне, коронавирустың «дельта» штамы кең таралуда. Елге келген қашқындардың арасында жұқпалы ауруларды тасушылар болса, біздің елдің медицинасына ауыр соққы болмай ма?

Бесінші кезекте – отандық нарықта рубльдің шамадан тыс көбею салдарынан теңге құнсыздануы түсінікті. Дерек көздерінде ел аумағында рубльдің қоры 25-30 миллиардқа жеткені туралы ақпарат бар.

Ғалым Сатжан Мейіржанов өзінің зерттеуінде сыртқы миграцияның қауіпсіздік контексіндегі проблемаларды зерттеп, көші-қон үдерісінің практикалық нәтижесін талдайды.

Мигранттардың көптеп шоғырлануы ең бірінші ішкі нарыққа нұқсан келтіріп, аумақтық еңбек нарығында жұмыссыздық проблемасын өршітеді, ұлттық мәселелерді шешуде белгілі бір деңгейде кедергі келтіреді.

Екінші аспект – мигранттардың белгілі бір категориясының еңбегін көлеңкелі экономикаға пайдалану әрекеті артып, қылмыс түрінің көбеюіне әкеледі.

Үшінші аспект – ішкі капиталды сыртқа шығару үдерісі артып, экономикалық қауіпсіздікке орасан зор қауіп төндіреді. Мәселен, елге келіп-кеткен ресейліктер ішкі сервистік қызмет түрлерінің қымбаттауына және ішкі нарыққа сәйкес өндірілген өнім түрлерін сыртқа әкетіп, дефицит орын алады.

Қысқасы, миграциялық ағым – елдің қауіпсіздігіне, территориялық тұтастығына кері әсер ететін құбылыс.

P.S: ***Миграциялық үдеріс ғаламдық деңгейдегі проблемаға айналғалы қашан! Африка мен Азияның халқы өз үйі – өлең төсегін тастап, Еуропа мен Америкаға көптеп қоныс аударуы саясаткерлердің жүрсе ойынан, жатса түсінен шықпайтын құбылысқа айналды. Қазақстан билігі мұндай жағдаймен тұңғыш рет бетпе-бет келуде. Әліптің артын бағайық!..***

ДҮЙСЕНБІ
17 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN»
10:00 AQPARAT
10:10 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала 2». Телехикая
14:10 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
15:00 AQPARAT
15:15 «Солтүстікке көш». Арнайы жоба
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ»
21:30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:20 «1001 ТҮН».
0:35 «Сана». Ток-шоу
2:10 «Өмір көркем»
3:00 «Ауылдастар»

05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
07:00 «ОЯН!»
10:00 ТҰСАУКЕСЕР! «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ»
10:35 МУЛЬТСЕРИАЛ. «НИЛЬС»
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІНЖАН 4»
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! «МЕЛЕК»
14:00 «АЙНALINE»
15:00 МЕГАХИТ. «В ПРЯМОМ ЭФИРЕ»
17:00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ. ИТОГИ ДНЯ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІНЖАН 4»
21:00 ТҰСАУКЕСЕР! «МЕЛЕК»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ВОПРЕКИ СУДЬБЕ»

ASTANA TV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.20 «Дастан» түрік телехикаясы
10.25 «Ене» үнді телехикаясы
11.30 «Күң мен ханзада»
14.30 «Көру керек!» бағдарламасы
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.20 «Сонар» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Дастан» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы тұсаукесер!
01.30 «Жұрттың балалары» телехикаясы
02.00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
03.15 «Мариям» телехикаясы

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «УРОКИ СЧАСТЬЯ».
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
0:40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
1:40 «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2:30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

07.05 «ЖАТ ТУЫСТАР»
08.30 «СОЛОМОНОВО РЕШЕНИЕ»
12.30 «ТАНЕЦ МОТЫЛЬКА», мелодрама
16.30 «ЗӘКИРА» (док. драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы.
18.55 «ҚОРЫҚШЫ: ҚАРЫМТА СОҚҚЫ», отандық телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «МЕДИУМ», детективная мелодрама.
00.00 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ», остросюжетный боевик.
01.50 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор)
03.15 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

06:00 Әзіл студио
06:30 Ризамын
07:00 «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Анупама»
10:00 Мультсериал «Царевны»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:10 Т/сериал «СеняФедя» (повтор)
12:15 Т/сериал «СеняФедя»
13:15 «Али, рули!» (повтор)
15:20 «Помпеи» (повтор)
17:30 «Притворись моей женой»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Близнецы-драконы»
00:10 Индийский сериал «Анупама»
01:10 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Паутина»
03:20 Әзіл студио
03:50 1001 әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Пәленшеевтер»
07:10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09:00 К/с «Женский доктор»
10:00 К/с «Случайный кадр»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
14:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15:00 Т/х «Әке мен әке»
16:10 К/с «Дылды»
17:20 К/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 К/с «Случайный кадр»
22:00 Т/х «Әке мен әке»
23:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00:00 К/с «Дылды»
01:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
09.55 «СМЕШАРИКИ» (мультсериал)
10.10 «COMEDY WOMAN»
11.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
11.50 «УЦЕЛЕВШИЙ» (боевик, Марк Уолберг, Тейлор Китч, Эрик Бана, Бен Фостер)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
20.00 «OZMZ ғой» (каз.)
20.30 «НЕ ПОЙМАН – НЕ ВОР» (криминальный триллер, Дензел Вашингтон, Клайв Оуэн)
23.00 «РАССВЕТ МЕРТВЕЦОВ» (фильм ужасов, Сара Полли, Винг Реймз)
01.10 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
02.00 «OZMZ ғой» (каз.)
02.25 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
03.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
05.00-06.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕЙСЕНБІ
18 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN»
10:00 AQPARAT
10:10 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала 2». Телехикая
14:10 «Қызық екен...»
15:00 AQPARAT
15:15 «Тіршілік»
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 AQPARAT
20:30 «БЕРЕКЕТ КІЛТІ – БЕЙНЕТ»
20:35 «ASHYQ ALAŃ». (30-бағдарлама)
21:30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:20 «1001 ТҮН».
0:35 «Сана». Ток-шоу
2:10 «Өмір көркем»

05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
07:00 «ОЯН!»
10:00 ТҰСАУКЕСЕР! «УӘДЕ»
10:35 МУЛЬТСЕРИАЛ. «НИЛЬС»
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІНЖАН 4»
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! «МЕЛЕК»
14:00 «АЙНALINE»
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ВОПРЕКИ СУДЬБЕ»
17:00 «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ. ИТОГИ ДНЯ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІНЖАН 4»
21:00 ТҰСАУКЕСЕР! «МЕЛЕК»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ДРУГАЯ Я»

ASTANA TV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.20 «Дастан» түрік телехикаясы
10.25 «Ене» үнді телехикаясы
11.30 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар» ток-шоу
14.40 «Улыбка пересмешника» телесериал
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.20 «Сонар» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Дастан» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық»
01.30 «Жұрттың балалары» телехикаясы
02.00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
02.30 «Той жыры» бағдарламасы
03:00 Профилактикалық жұмыстар

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «А У НАС ВО ДВОРЕ».
13:10 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
0:40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
1:40 «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2:30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.50 «ЖАТ ТУЫСТАР»
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.10 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ»
12.10 «МЕДИУМ»
14.30 «БЕГЛЯНКА», мелодрама
16.30 «ЗӘКИРА» (док. драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ»
18.55 «ҚОРЫҚШЫ: ҚАРЫМТА СОҚҚЫ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «МЕДИУМ», детективная мелодрама.
00.00 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ», остросюжетный боевик.
01.50-03.00 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор)

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Анупама»
10:00 Мультсериал «Царевны»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:20 Т/сериал «Потомки солнца»
12:50 «Близнецы-драконы» (повтор)
15:20 КИНО. Адам Сэндлер в комедии «Притворись моей женой» (повтор)
18:00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Шопо-коп»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Последствия»
00:10 Индийский сериал «Анупама»
01:10 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Паутина»
03:20 Әзіл студио
03:50 1001 әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Пәленшеевтер»
07:10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09:00 К/с «Женский доктор»
10:00 К/с «Случайный кадр»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
14:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15:00 Т/х «Әке мен әке»
16:10 К/с «Дылды»
17:20 К/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 К/с «Случайный кадр»
22:00 Т/х «Әке мен әке»
23:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00:00 К/с «Дылды»
01:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Профилактика

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
09.55 «СМЕШАРИКИ» (мультсериал)
10.10 «COMEDY WOMAN»
10.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
11.40 «НЕ ПОЙМАН – НЕ ВОР» (криминальный триллер, Дензел Вашингтон, Клайв Оуэн)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
20.00 «OZMZ ғой» (каз.)
20.30 «ВЫХОДА НЕТ» (боевик, Оуэн Уилсон, Пирс Броснан)
22.20 «ТРАНЗИТ» (криминальный триллер, Джеймс Кевизел, Джеймс Фрейн)
00.10 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
01.00 «OZMZ ғой» (каз.)
01.25 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
02.15-03.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)

СӘРСЕНБІ
19 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN»
10:00 AQPARAT
10:10 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала 2». Телехикая
14:10 «Зиңһар»
15:00 AQPARAT
15:15 «Рақымжан Қошқарбаев». Деректі фильм
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». (31-бағдарлама)
21:30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:20 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0:35 «Сана». Ток-шоу
1:35 AQPARAT
2:10 «Өмір көркем»
3:00 «Рақымжан Қошқарбаев». Деректі фильм

05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА. «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
07:00 ТҰСАУКЕСЕР! ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «В ФОКУСЕ»
10:30 МУЛЬТСЕРИАЛ. «НИЛЬС»
11:00 ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІНЖАН 4»
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! «МЕЛЕК»
14:00 ТҰСАУКЕСЕР! ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «АЙНALINE»
15:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ДРУГАЯ Я»
17:00 ТЕЛЕВИКТОРИНА. «БЕГОМ ЗА ДЕНЬГАМИ»
18:00 НОВОСТИ. ИТОГИ ДНЯ
19:00 ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. БІЗДІҢ МАҚСАТ
20:00 ТҰСАУКЕСЕР! «КЕЛІНЖАН 4»
21:00 ТҰСАУКЕСЕР! «МЕЛЕК»
23:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «ДРУГАЯ Я»

ASTANA TV

17:00-ге дейін профилактикалық жұмыстар
17.00 «Көру керек!» бағдарламасы
17.40 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
19.20 «Сонар» телехикаясы тұсаукесер!
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Дастан» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық» корей телехикаясы
01.30 «Улыбка пересмешника» телесериал
03.15 «Мариям» телехикаясы

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «А У НАС ВО ДВОРЕ». Многосерийный фильм
13:10 Многосерийный фильм «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Премьера. Многосерийный фильм «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
0:40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
1:40 Ночной кинотеатр. «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2:30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

Техникалық профилактика

17.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ», өзбек телехикаясы.
18.55 «ҚОРЫҚШЫ: ҚАРЫМТА СОҚҚЫ», отандық телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ТАНЦЫ НА УГЛЯХ», детективная мелодрама.
23.40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. ДАЛЬНИЕ РУБЕЖИ», остросюжетный боевик.
01.40 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор)
03.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.50-04.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Анупама»
10:00 «31 әзіл»
10:30 Мультсериал «Царевны»
11:00 Мультсериал «Маша и медведь»
12:00 Т/сериал «Потомки солнца»
13:30 КИНО. Александр Скарсгард в драме «Последствия» (повтор)
16:00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Шопо-коп» (повтор)
18:00 КИНО. Кевин Джеймс в комедии «Толстяк против всех»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 КИНО. Николас Кейдж в боевике «Говорящие с ветром»
00:50 Индийский сериал «Анупама» (повтор)
01:40 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Паутина»
03:20 Әзіл студио
03:50 1001 әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Профилактика
17:00 Скетчком «Q-елі»
17:20 К/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 К/с «Смерть в объективе» премьера!
22:00 Т/х «Әке мен әке»
23:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00:00 К/с «Дылды»
01:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

16.55-ке дейін ПРОФИЛАКТИКА
16.55 ҚР ӘНҰРАНЫ
17.00 «COMEDY WOMAN»
18.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.00 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
20.00 «OZMZ ғой» (каз.)
20.30 «СОУЧАСТНИК» (боевик, Том Круз, Джейми Фокс)
22.50 «ОГРАБЛЕНИЕ НА БЕЙКЕР-СТРИТ» (криминальный триллер, Джейсон Стэйтем, Саффрон Берроуз)
01.00 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
01.50 «OZMZ ғой» (каз.)
02.15 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
03.05 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
05.00-06.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

БЕЙСЕНБІ
20 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN»
10:00 AQPARAT
10:10 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала 2». Телехикая
14:10 «Қызық екен...»
15:00 AQPARAT
15:15 «Ұстаз». Деректі фильм
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». (32-бағдарлама)
21:30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:20 «1001 ТҮН».
0:35 «Сана». Ток-шоу
2:10 «Өмір көркем»
3:00 «Ауылдастар»

05:00 «Қызық times»
06:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 «Бізге хабарласқан»
10:30 Мультсериал. «Нильс»
11:00 Тұсаукесер! «Келіншан 4»
12:00 Тұсаукесер! «Мелек»
14:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «АйнаLine»
15:00 Телесериал. «Другая Я»
17:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18:00 Новости. Итоги дня
19:00 Қорытынды жаңалықтар. Біздің мақсат
20:00 Тұсаукесер! «Келіншан 4»
21:00 Тұсаукесер! «Мелек»
23:00 Телесериал. «На самой грани»

ASTANA TV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.20 «Дастан» түрік телехикаясы
11.30 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар» ток-шоу
14.40 «Улыбка пересмешника» телесериал
17.40 «Кішкентай келін»
19.20 «Сонар» телехикаясы
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Дастан» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Шырмалған шындық»
01.30 «Улыбка пересмешника»
03.15 «Мариям» телехикаясы

ЛЕНИННІҢ ЕСКІ ЕСКЕРТКІШІ

1975 жылғы 5 қараша. Целиноград қаласының орталық алаңында В.И.Ленин ескерткішінің ашылуы.

Ленинге арналған жаңа мүсін 1975 жылы 30 қазанда осы жерге орнатылды. Жаңа мүсінді Мәскеу мүсіншілері А.Новиков, А.Бильдюшкина және сәулетші А.Котырев жасады. Ескерткіш көркемдік құндылығы бар КСРО-ның ірі ескерткіштерінің қатарына енді. Мүсін ғана емес, сонымен қатар Кеңестер елінің қалыптасу тарихынан барельефтері бар төртбұрыш та қызықты болды. Бірақ өкінішке қарай, мұның бәрі бұзылды.

Ескерткіш аулаларда бір жерде сақталуы мүмкін, бірақ бірегей төртбұрыш түп орманымен жойылды. Қазір Ленин ескерткішінің орнында Абай ескерткіші тұр. Сонымен қатар кеңес заманында ескерткіштің орналасқан жері мен өлшемдері нақты сақталды.

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «А У НАС ВО ДВОРЕ».
13:10 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
0:40 Премьера. Большое кино. «СОБОР»
1:40 «ОХОТА НА ИЗЮБРЯ»
2:30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
08.00 «ЖАТ ТУЫСТАР»
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.20 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ»
12.30 «ТАНЦЫ НА УГЛЯХ»
14.30 «БЕГЛЯНКА», мелодрама
16.30 «ЗӘКИРА» (док. драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ»
18.55 «ҚОРЫҚШЫ: ҚАРЫМТА СОҚҚЫ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ТАНЦЫ НА УГЛЯХ»
23.40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ»
01.40 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ»
03.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Анупама»
10:00 Мультсериал «Царевны»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:20 Т/сериал «Потомки солнца»
12:50 «Толстяк против всех» (повтор)
14:50 «50 первых поцелуев»
17:00 «Говорящие с ветром» (повтор)
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Экипаж»
01:00 Индийский сериал «Анупама»
01:40 «31 әзіл»
02:00 What's up
02:30 Сериал «Паутина»
03:20 Әзіл студио
03:40 1001 әзіл
04:00 BALA BATLLE
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Пәленшеевтер»
07:10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09:00 К/с «Женский доктор»
10:00 К/с «Смерть в объективе»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
14:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15:00 Т/х «Әке мен әке»
16:10 К/с «Дылды»
17:20 К/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 К/с «Смерть в объективе» премьера!
22:00 Т/х «Әке мен әке»
23:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00:00 К/с «Дылды»
01:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
03:00 Jaidarman
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
09.55 «СМЕШАРИКИ» (мультсериал)
10.10 «COMEDY WOMAN»
10.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
11.40 «СОУЧАСТНИК» (боевик, Том Круз, Джейми Фокс)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
20.00 «OZMZ ғой» (каз.)
20.30 «МОТЫЛЁК» (приключенческая драма, Чарли Ханнем, Рами Малек)
23.00 «ВИВАРИУМ» (фантастический триллер, Джесси Айзенберг, Имоджен Путс)
01.00 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
01.50 «OZMZ ғой» (каз.)
02.15 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
03.05 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
05.00-06.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖҰМА
21 ҚАЗАН

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN»
10:00 AQPARAT
10:10 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала 2». Телехикая
14:10 «Қызық екен...»
15:00 AQPARAT
15:15 «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН».
15:45 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая
17:00 AQPARAT
17:15 «АУЫЛДАСТАР»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 AQPARAT
20:30 «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ». Сұхбат. Тікелей эфир
21:30 «КҮЙЕУ БАЛА 2». Телехикая
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:20 «Көңіл толқыны»
0:00 «PARASAT MAIDANY»
0:35 «Сана». Ток-шоу

05:00 «Қызық times»
06:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
07:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 Тұсаукесер! «Өнеге»
10:30 Мультсериал. «Нильс»
11:00 Тұсаукесер! «Келіншан 4»
12:00 Тұсаукесер! «Мелек»
14:00 «АйнаLine»
15:00 Телесериал. «На самой грани»
17:00 Телевикторина. «Бегом за деньгами»
18:00 Новости. Итоги дня
19:00 Қорытынды жаңалықтар.
20:00 Тұсаукесер! «Келіншан 4»
21:00 Тұсаукесер! «Мелек»
23:00 Мегахит «Весёлые каникулы»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «А У НАС ВО ДВОРЕ».
13:10 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
22:00 «ПОЛИЦЕЙСКОЕ БРАТСТВО»
2:30 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:35 «KÖREMIZ» бағдарламасы
3:20 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
08.00 «ЖАТ ТУЫСТАР»
09.40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10.20 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ»
12.30 «ТАНЦЫ НА УГЛЯХ»
14.30 «БЕГЛЯНКА», мелодрама
16.30 «ЗӘКИРА» (док. драма)
17.30 «ЖҮРЕГІМНІҢ ИЕСІ»
18.55 «ҚОРЫҚШЫ: ҚАРЫМТА СОҚҚЫ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

20.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ».
20.35 «КТКweb».
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
01.50 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ»
03.15 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
03.40 «КТКweb» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 Информбюро (повтор)
07:00 Утренняя программа «Таңсәрі». Прямой эфир
09:00 Индийский сериал «Анупама»
10:00 Мультсериал «Царевны»
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:10 Т/сериал «Потомки солнца»
12:40 «50 первых поцелуев» (повтор)
14:50 «Экипаж» (повтор)
18:00 «Мой шпион»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Скайлайн»
00:00 Индийский сериал «Анупама» (повтор)
01:00 «31 әзіл»
02:20 Сериал «Паутина»
03:10 1001 әзіл
03:30 Әзіл студио
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:10 Т/х «Пәленшеевтер»
07:10 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09:00 К/с «Женский доктор»
10:00 К/с «Смерть в объективе»
12:30 Т/х «Пәленшеевтер»
14:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15:00 Т/х «Әке мен әке»
16:10 К/с «Дылды»
17:20 К/с «Женский доктор»
18:30 Aibat
19:00 Вечерняя программа «Студия 7»
19:30 К/с «Смерть в объективе» премьера!
22:00 Т/х «Әке мен әке»
23:00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00:00 К/с «Дылды»
01:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»
04:00 Т/х «Япырай»

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
09.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
09.40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
09.55 «СМЕШАРИКИ» (мультсериал)
10.10 «COMEDY WOMAN»
10.50 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
11.40 «МОТЫЛЁК» (приключенческая драма, Чарли Ханнем, Рами Малек)
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз. новый сезон)
20.00 «РЕВЮ WEEKLY» (каз.)
20.30 «СОКРОВИЩЕ АМАЗОНКИ» (комедийный боевик, Дуэйн Джонсон, Шонн Уильям Скотт)
22.20 «НЕ ДЫШИ 2»
00.20 «НЕ ВХОДИ» (фильм ужасов, Мейси Уильямс, Сильвестр МакКой)
01.50 Телехикая «СҮЙІКТІМ» (каз.)
02.40 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)
03.30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
05.00-06.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

СЕНБІ
22 ҚАЗАН

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күміс көмей»
7:15 AQPARAT
7:50 «Тұлға». Деректі фильм
8:20 «Көңіл толқыны»
9:20 «Әйел әлемі»
9:55 «ЫРЫСТЫҢ ҚАЗЫҒЫ»
10:00 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «Әзіл әлемі»
14:00 «Ойыншықтар хикаясы».
15:15 «Меломен» тобының концерті
16:20 «ҚАР БАРЫСЫНЫҢ ІЗІМЕН».
16:45 «Нартәуекел».
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 AQPARAT
20:30 «МАҒЖАН. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН». Телехикая
22:15 «Көңіл толқыны»
22:30 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:30 «Көңілашар»
1:10 «Әлемді өзгерткен идеялар».
1:55 «Тұлға». Деректі фильм
2:25 «Күміс көмей»
2:55 «Әйел әлемі»

05:00 «ҚЫЗЫҚ TIMES»
06:00 КОНЦЕРТ. «АЛАШҰЛЫ»
08:00 МЕГАХИТ «ВЕСЁЛЫЕ КАНИКУЛЫ»
10:00 «СПОРТ ӘЛЕМІ»
10:30 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «КӨМБЕ»
11:00 «ЗАЕЗЖАЙ И ЖИВИ»
12:00 ТҰСАУКЕСЕР! «DARYN»
13:00 МУЛЬТФИЛЬМ. «ПТИЧИЙ ДОЗОР»
14:30 МУЛЬТСЕРИАЛ. «НИЛЬС»
15:00 «КЕЛІНЖАН 4»
16:30 «АБАЙДЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ»
17:30 АЙТЫС. «АСЫЛ ДОМБЫРА»
19:00 МЕЙРАМБЕК БЕСБАЕВПЕН «COVER-SHOW»
21:00 АҚПАРАТ АРНАСЫ «7 КҮН» САРАПТАМАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
21:40 «НЕ ХАБАР»
22:40 МЕГАХИТ. «БИТВА ПРИ ЛОНГТАНЕ»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
9:00 Премьера. «ПРОУЮТ»
10:15 «ДЕНЬ СОЛНЦА»
15:10 «ЖЕНСКИЙ ДЕТЕКТИВ»
16:30 «БЕСТІҢ ШАЙЫ»
18:30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19:00 «ПЕТРОВИЧ»
21:00 «ПУАНТЫ ДЛЯ ПЛЮШКИ»
1:10 Премьера. «ПОЕХАЛИ!»
2:00 «П@УТІNA» бағдарламасы
2:45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
3:30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 «УЛКЕН ҮЙ-2», отандық телехикая
07.40 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
08.30 «КТКweb» (қайталау)
09.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
09.40 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.10 «РАЙСКИЙ УГОЛОК», детективная мелодрама (повтор)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы
17.10 «ЗАМКНУТЫЙ КРУГ», мелодрама
21.00 «РАЙСКИЙ УГОЛОК», детективная мелодрама.
01.20 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор)
02.50 «АТАЛАР СӨЗІ»
03.55-04.40 «OZAT ОТБАСЫ» (қайталау)

06:00 Әзіл студио
07.00 Тәтті шоу
08:00 «31 әзіл»
09:00 «Күліп ALL»
09:30 Готовим с Адель (повтор)
10:00 «Алдараспан»
12:00 Анимационный фильм «Спарк. Герой Вселенной»
14:00 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Келинка тоже человек 2»
16:05 КИНО. Тейлор Китч в фантастическом боевике «Джон Картер»
19:00 Анимационный фильм «Тачки»
21:30 «Стражи Галактики. Часть 2»
00:30 «Bizdin show» (повтор)
02:00 КИНО. «Первый поцелуй»
04:00 Тамаша live
04:30 Әзіл студио
05:00 1001 әзіл
05:30 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Jaidarman
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 Т/п «Гадалка»
09:40 Т/п «Регина+1»
10:30 Т/п «Орёл и решка»
11:30 Т/п «Измайловский парк»
14:30 Сәлем, Қазақстан!
15:40 Т/х «Бастық боламын»
16:40 К/с «Кукольный дом»
21:00 Шоу «Битва поколений» премьера!
22:40 К/ф «13 район: Ультиматум»
03:20 Т/х «Япырай»
04:00 Т/п «Тамаша»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.00 «Екі езу» (каз.)
09.30 «ЛЮК – ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ»
10.50 «СОКРОВИЩЕ АМАЗОНКИ»
13.40 «ПОДВОДНАЯ БРАТВА»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «ТРУДНЫЙ РЕБЁНОК 2»
20.40 «МЕГ: МОНСТР ГЛУБИНЫ»
22.40 «ГАНМЕН»
01.20 «ТАВОО» (каз.)
02.20 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.20 «Опмай, опмай» (каз.)
05.00-06.00 «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
23 ҚАЗАН

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 AQPARAT
7:00 «Күй-керуен»
7:30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8:20 «AQSAÝYT»
8:45 «Ойыншықтар хикаясы».
10:00 «Жүректегі күз». Телехикая
12:00 «Мағжан. Мен жастарға сенемін».
14:25 «МУЗАРТ»
17:25 «ТІРШІЛІК»
18:00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая
20:00 «АРТА».
20:50 «МАҒЖАН. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН». Телехикая
22:35 «БАУЫРЛАР». Телехикая
23:35 «Көңіл толқыны»
0:35 «Арта». Сараптамалық бағдарлама
1:25 «Aqsaýyt»
1:45 «Әлемді өзгерткен идеялар».
2:30 «Тіршілік»
3:05 «Күй-керуен»

05:00 «Қызық times»
06:00 «Туған ел» Мөлдір Әуелбекова
08:00 Мегахит. «Битва при Лонгтане»
10:00 «Спорт тайм»
10:30 Тұсаукесер! «Помощь в дом»
11:30 Тұсаукесер! «Әке бақыты»
12:30 «Балақай»
13:15 Мультфильм. «Маленький вампир»
14:35 Мультсериал. «Нильс»
15:00 Телехикая марафоны. «Келіншан 4»
17:00 Тұсаукесер! «Дүлдүлдер дүбірі»
17:30 «Jup-jubymen» шоуы
19:00 «Жеті қазына» мега шоуы
21:00 «7 күн»
21:40 «Отдел журналистских расследований»
22:15 «Культурный контекст»
23:15 Мегахит. «Загнанный»

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.20 «Дастан» түрік телехикаясы
10.25 «Жұлдызбысың»
12.00 «Шаншар»
15.25 «Напарники» телехикаясы
17.00 «Уақыт келді» ток-шоу
18.10 «Жұрттың балалары» телехикаясы
19.00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
19.40 «Көру керек!» бағдарламасы
21.00 «Дастан» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек 2» үнді телехикаясы
23.50 «Осторожно, корова!» к/ф
02.30 «Көкжалдар» к/ф

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8:05 «П@УТІNA» бағдарламасы
9:05 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:20 Премьера. «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10:35 «QAЙМАҚ»
11:20 «КВН-2022». ВЫСШАЯ ЛИГА
14:10 «ПУАНТЫ ДЛЯ ПЛЮШКИ». Многосерийный фильм
18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21:00 Многосерийный фильм «СВОДНЫЕ СУДЬБЫ»
1:30 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?»
2:40 «П@УТІNA» бағдарламасы
3:25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 «ӨМІР-ӨЗЕН»
08.10 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.10 «РАЙСКИЙ УГОЛОК», детективная мелодрама (повтор)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы
17.10 «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АНГЕЛ», детективная мелодрама
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ВОЛШЕБНАЯ ТЮБЕТЕЙКА ТАЙЛАКА», романтическая комедия
00.00 «КОРОЛЕВА БАНДИТОВ», остросюжетная мелодрама (повтор)
02.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.15 «OZAT ОТБАСЫ» (қайталау)
04.00-04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы

06:00 Әзіл студио
07:00 Тамаша live
08:00 «31 әзіл»
08:30 «Күліп ALL» (повтор)
09:00 TeleBingo. Прямой эфир
09:25 Готовим с Адель
10:00 «Спарк. Герой Вселенной» (повтор)
12:00 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Келинка тоже человек 2» (повтор)
14:00 КИНО. Тейлор Китч в фантастическом боевике «Джон Картер» (повтор)
17:00 Анимационный фильм «Тачки»
19:30 КИНО. Крис Пратт в фантастическом боевике «Стражи Галактики.
22:20 КИНО. Сильвестр Сталлоне в боевике «Крид: Наследие Рокки»
01:10 «31 әзіл»
02:00 Тамаша live
03:00 What's up?
03:30 Әзіл студио
04:00 1001 әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:20 Сәлем, Қазақстан!
08:30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09:00 Т/п «Измайловский парк»
12:00 Шоу «Битва поколений»
13:50 «Өмір-өзен» атты ән кеші
16:50 Т/х «Бастық боламын»
18:50 К/ф «13 район: Ультиматум»
21:00 К/с «Месть на десерт»
01:10 Т/п «Жұлдыздың жары»
01:50 Jaidarman
02.50 Т/х «Япырай»
03:50 Т/п «Тамаша»
04:50 Т/п «Қуырдақ»

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.10 «ПОДВОДНАЯ БРАТВА» (анимационный фильм)
10.30 «ГНОМЫ В ДЕЛЕ» (анимационный фильм)
12.15 «ТРУДНЫЙ РЕБЁНОК 2» (семейная комедия, Джон Риттер, Джек Уорден)
14.20 «МЕГ: МОНСТР ГЛУБИНЫ» (фантастический триллер, Джейсон Стэйтем, Руби Роуз)
17.00 Телехикая «III ИНТЕРНАЦИОНАЛ» (каз.)
18.15 «ГАНМЕН» (боевик, Шонн Пенн, Идрис Эльба, Хавьер Бардем)
20.40 «ВЕНОМ» (фантастический боевик, Том Харди, Мишель Уильямс)
23.00 «ПОЙМАЙ ТОЛСТУХУ, ЕСЛИ СМОЖЕШЬ» (комедия, Джейсон Бейтман, Мелисса Маккарти, Роберт Патрик)
01.20 «ТАВОО» (каз.)
02.20 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.10 «Сан сауал» (каз.)
05.00-06.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

КІТАП САУДАСЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Кешегі Целиноград-Ақмола, бүгінгі Астана қаласында ертеректе тұрғындардан ұсталған кітаптарды сатып алу шаралары ұйымдастырылатын.

Сондай шаралардың бірі 1974 жылдың 17 қыркүйегінде «Кругозор» кітап дүкенінің жанында өткен. Бұл туралы сол уақытта газетке жазылып, ақпарат фототілші Нұрмұхамет Имамовтың суретімен көркемделген.

Елордада осы күндері кітап көрме-жәрмеңкесі жылда өтеді. Соның ірісі ретінде Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесін ерекше атап өтуге болады. Биыл жазда Ұлттық академиялық кітапханада «Елорда – KitapTime» кітап көрме-жәрмеңкесі өтті. Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапхана, Астана қаласы Есіл ауданының әкімдігі және «Фолиант» баспасы бірлесе ұйымдастырған шара кітап мерекесіне айналды.

ШЕЖІРЕЛІ ҚАРТТАР, АМАН БОЛ!

Ел қарттары – қоғам қазынасы. Олардың орны қашан да төр. Күздің алғашқы күні – ақынды да, алыпты да, батырды да, қайраткерді де өмірге әкелген алтын құрсақ, жаны ізгі абзал аналар мен ақылман қарияларды құрметтейтін күн. Осы бір атаулы күні Астана қаласы әкімдігі тарапынан ыждаһаттылықпен елорда тұрғындарының егде жасты еңсерген қарияларға құрмет көрсету дәстүрге айналған. Үлкенге құрмет көрсету кейінгі жастарға өнеге болары анық.

Осындай жағымды жаңалыққа мұрындық болып жүру қашан да ел басқаратын азаматтардың еншісіндегі игі іс деп білеміз. Ол азаматтар елге елеулі, сан жылдар қазақ қоғамының өркендеуіне, еліміздің гүлденуіне аянбай еңбек сіңіріп, ұрпақ өсірген, бүгінде төрге шыққан ақсақал, ардагер, қарияларды назардан тыс қалдырмай, құрмет жасауы жақсы дәстүрге айналған.

Астана қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің басшылығымен аудан әкімдері де тұрғындарға зор құрмет көрсетуде. Қарттар күні үлкен мерекеге ұласып, кезегімен салтанатты кештер мен рухани басқосулар ұйымдастырылды. Қала әкімдігі шаһарда бой көтерген театрлардағы қойылымдарға тегін шақырылымдар жасап, ерекше көңіл бөлуде. Сөзімізге дәлел, Қарттар күніне арналған және Ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толуына орай «Ардагерлер ұйымының шежіресі» атты аса маңызды іс-шара өтті.

Тарихы шежіреге бай елордалық ардагерлер тәуелсіздіктің бастауын қалаған аға буын өкілдерін еске алып, арнайы шақырылған отбасыларға қазақтың салт-дәстүрімен мерейлі отбасы иесінің алтын құрсақты аналары қалалық Ардагерлер ұйымының атынан қасиетті ақ жаулық жауып, Қазақстан Республикасының құрметті қарауыл ротасының сарбаздары ықыласын білдірді. Қонақтардың қатарында Халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетовтің қызы Айсұлу Сағадатқызы және қала, аудан ардагерлері ұйымдарын кезінде басқарған, пандемия кезінде бақилық болған азаматтардың асыл жарлары мен ұл-қыздары, немерелері шақырылды. Дәстүрмен құрмет көрсеткен мәуелі бәйтерек иелері қатарында болғандар: Дариға Қазбек, Райхан Тілегенова, Рысты Атығаева, Әбеу, Үміт Дүйсенова, қажы Роза Шарапи, Күлзира Искакова, Майсара Нұрланова, Зағижан Бикебаева, Жанна Ақбергенова, Арайлым Рахымқызы, Сәуле Желдібаева.

Әлем таныған тәуелсіз Қазақстанның елордасы Сарыарқа төрінде, аты қайта оралған Астанада Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Астана» концерт залында және қаладағы барлық мәдени ошақта бірнеше күн қатарынан концерттік бағдарламалар ардагер көрермендердің көзайымына айналды.

Уақыт жаңаруды, жаңаша ойлауды талап етуде. Соған орай күн тәртібіне ардагер қарияларымыздың хал-ахуалын жақсарту мәселесі қойылуда. Олар саналы ғұмырын қоғамның дамуына сарп етті. Арасында абыз қариялар мен ақылы асқан ардагерлер аз емес. Кеудесі алтын сандық қариялар қашан да құрметке ие. Қазақ ақылман ақсақалдарын, қазыналы қарияларын, көп арасындағы ел ағаларын төрге отырғызып, қадір тұтқан. Осы кездесудің құрметті қонақтары: Оралбай Әбдікәрімов, Өмірзақ Озғанбаев, Валентин Щербаков, Төлеген Мұхамеджанов, Өмірзақ Болсамбеков, Марат Нағұманов, Фарид Галимов, Сансызбай Есілов, Есет Байкен.

Бұл атадан кейінге дәстүр сабақтастығы болған, тіпті аманат ретінде қалыптасқан жарқын құрмет санатында жүзеге асып келеді. Сөз жоқ, бұл арада қалалық әкімдік аппараты ел қамын жеген азамат ретінде танылып, үлкен жауапкершілік танытып жүргеніне астана жұртшылығы дән риза. Бұл қазақ бойындағы қарияларға жасалатын сыйластық үрдісі екенін, мейірім мен қамқорлық қасиетінің маңызы зор екенін паш етеді.

Иә, көп арасында қариялар атына лайық адамдар баршылық. Қартайғанда қадірі қашып, қатардан шығып қалған жоқ. Қазақы ұғымда «Ауылында қартың болса, жазылып қойған хатпен тең» деп жасы кішілерге үлгі болар құрмет көрсеткен. «Төріңнен қарт кетпесін» деп той-томалақ, басқосуды батасыз бастамаған, қариялардан алғыс алуға тырысқан. Бұл үрдіс қазақ арасында әлі де назардан тыс қалып, көңілде жат болған жоқ. Қала әкімі Алтай Көлгінов осы үрдісті жаңғыртып, Астана қарияларының батасын алып, алғысына кенелуде. Иә, қоғам сан алуан өзгерістерге толы. Алайда ардагерлер аландамай, әдемі қартаюға лайық. Қоғам дамуында түрлі реформалар жасалуда. Ел ақсақалдары мен мейірім шуағын төккен ана-кейуаналар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған Конституцияға енгізілген өзгерістерге оң пікірмен қолдау жасайды.

Жаһанданудың салқыны тиіп жатқанмен, елімізде мемлекет тарапынан қарияларымызға айтарлықтай көңіл бөлінуде, бір реттік болса да көңілге демеу боларлық әлеуметтік көмек көрсетілуде. Сондай-ақ әкімдіктің де қолдауымен зейнет жасындағы қарияларға қолайлы жағдай, тиімді көмек жасалуда. Оған дәлел елорда аудандарында «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының ашылуы. Аталған орталықтарда барынша зейнеткерлердің хал-ахуалын, күй-жағдайын бір жүйе арнасына жұмылдыратын сан алуан үйірмелер мен секциялардың жұмыс істеуі қолайлы болып тұр. Бұл орайда қаладағы орталықтардың директоры М.Еркетаевтың еңбегін атап айту орынды. Қашан да ел арасында бата берер аталар барда жастар тәрбиесі салтанат құрмақ. Ата тәрбиесін алған ұрпақ пен батасын алған балаға халықтың ықыласы ерекше. Жақын туған-туысы болмаса да, қазақ халқы қарияларды жалғыз қалдырмаған. Жалғыз басты қарияларға арнайы әлеуметтік үйлер ашылып, қамқорлық жасалуда.

Астана қалалық ардагерлер жеке қайырымдылық қорының құрылтайшыларына 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне арналған елордалық аға буынның жағдайына атсалысып, қайырымдылық көмек көрсеткені үшін, әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту жолында қосқан сүбелі үлесіне шын жүректен алғыс білдіреді. Атап айтқанда, көкейге қонымды игі шараларға көмек қолын созған кәсіпкерлерге ризашылық танытып: «Құрылысконструкция» АҚ директоры Виктор Буллерге және «KAZPACO» ЖШС директоры Гайнулла Тажиевке, сонымен бірге жеке қайырымдылық қорының президенті Ғабит Сәтмағамбетовке, тағы басқаларға, яғни осындай үлкен жүректі азаматтарға алғыс айту лайықты.

Барша аға ұрпақ өкілдері, соғыс және еңбек ардагерлерінің атынан қайырымдылық қорының ұжымына, өз елінің патриоттарына зор денсаулық, отбасыларына амандық, еңбекте табыс, тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасының нығайту жолында өрлеуіне тілектестік білдіреді. Ендеше қалалық әкімдік осындай ізгілікке толы жұмысты атқаруда, ел сенімінен шығуда және бұл жұмыс жалғасын табады деп нық сеніммен айтуға болады.

Маржан БЕКТҰРСЫНҚЫЗЫ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

Әлем мәдениетінің, жалпы адамзат өркениетінің қалыптасуына ерекше ықпал еткен түркі дүниелерін зерттеудің маңызы күннен-күнге артты. Осы мақсатта құрылған «TURKTAV» түркі тарихы мен мәдениеті қоры үлкен жобаларды қолға алып отыр. Соның бірі – «Отырар» халықаралық электронды кітапханасы. Бүгінде кітапхана қорында 100000-нан астам түркологияға байланысты кітап бар.

Түрік әлемінің цифрлық кітапханасында Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия, Татарстан, Башқұртстан, Саха (Якутия), Иран, Ауғанстан, Үндістан, Ресей, Венгрия, Англия, Франция, Италия сияқты 30-дан астам елдердегі түркі әлеміне қатысты ең құнды деген кітаптар мен құжаттар бар. Оның көпшілігі – сирек кездесетін туындылар. Мұндағы мұрағаттың басым бөлігі цифрлы болса да, сирек және ғалымдар үшін маңызды 4000 кітап бар шағын кітапхана да бар.

Тек электронды кітапхана емес, одан бөлек, түркі әлемінің көрнекті тұлғаларының шығармаларын әртүрлі тілге аударып, шығару да «TURKTAV»-тың негізгі міндеті. Жыл сайын көрме қызметі арқылы түркі әлемінің мәдени мұрасын насихаттауды үздіксіз жүргізіп келеді.

Биыл Қазақстандағы Балалар жылына орай «TURKTAV» жуырда ерекше екі бірдей шара өткізді. Жапонияда үздік мультфильм атанып, алтын медаль жеңіп алған «Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін» атты қазақ туындысы Анкарада көрерменге ұсынылды.

«Шаңырақтың иесін іздеп жүрмін», «Байқоңыр» отандық фестивальден гран-при, «Әмен Хайдаров» фестивалінен «Ең үздік көркем суретші» номинациясы бойынша жүлде иеленген.

Түркі тарихы және мәдениеті қоры қызметінің бір саласы – түркі әлемі кітапханаларының қорын байыту. Осы орайда биыл мамырда Қазақстанда 2022 жыл – Балалар жылына орай «TURKTAV» қоры Алматы қаласының жас оқырмандарына 500 дана түрік тілінде басылған балалар кітаптарын сыйға тартты. Осы мәдени іс-шараның Анадолы жеріндегі жалғасы ретінде Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесімен бірлесіп Түркия Республикасы Президенттік ұлттық кітапханасына 500 дана қазақ тілінде басылған кітаптарды тарту етті. Бұл кітап қоры жаңа кітаптармен толықтырылып отырады. Анкарадағы «Аднан Өтукен» атындағы кітапханаға 500 дана қазақ тіліндегі балалар кітабы жеткізілді. Сондай-ақ кітапханада «TURKTAV» және Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан Балалар жылы аясында балалар әдебиеті және оқу мәдениеті» атты конференция өтті.

Серікгүл СҰЛТАНҚАЖЫ

КАЛЬКУЛЯТОРСЫЗ ЕСЕПТЕЙДІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ақпараттық технологиялар факультетінің II курс студенті Бек Мұсабеков көп сандарды калькуляторсыз есептеудің жаңа формуласын ойлап тапты.

Бүгінде жас ғалымның 33 түрлі формуласы бар. Оның 29-ын мектеп қабырғасында шығарса, 4-еуін университетте жүріп ойлап тапқан. Дарынды студент үлкен сандарды калькуляторсыз есептеудің бұдан да оңай формулаларын іздеуді жалғастырмақ. Ол алдағы уақытта өз еңбегін патенттеп, шәкірт тәрбиелеуді армандайды.

Студенттің математика пәніне қызығушылығы мектеп қабырғасында оянған. Талантты жас квадрат және куб әдістерімен формулаларды 9-сыныпта алғаш рет ойлап тапқан.

– Калькулятор қолдану мүмкіндігі жоқ барлық жерде, тіпті емтиханда да менің формуламмен есептер еркін шығарылады. Оның үстіне бұл уақыт үнемдеуге де үлкен мүмкіндік. Енді осы формулаларымды патенттеп алғым келеді. Менің ойлап тапқан формуламды оқу бағдарламасына кіргізуге болады деп ойлаймын. Алдағы уақытта математикадан шәкірт тәрбиелеп, оқушыларымды олимпиадаларға дайындасам деген ниетім бар, – дейді жас ғалым.

Өзінің қабілетін 2021 жылы «Дарынды жас ғалым» республикалық ғылыми жобалар байқауында ортаға салып, «Дарын» аталымы бойынша топ жарған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚБ) бөлімі бойынша «№А43 көшесінен (жобалық атауы) Есіл өзені арқылы өтетін көпір салумен Хусейн бен Талал көшесіне дейінгі учаскеде Тәуелсіздік даңғылын салу. I кезек – Есіл өзені арқылы өтетін көпір салу» түзету жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тыңдаулар 2022 ж. қараша айының 30-ы күні, сағат 10:00-де, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 5, «Centro» БО, 4-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда тыңдаулар онлайн форматта ZOOM бейнеконференциясы арқылы, сілтеме бойынша өткізіледі: https://us02web.zoom.us/j/88913364796?pwd=L1BpK0pPYnZIWVMxOFdwOUdTWjZrUT09

Конференция идентификаторы: 889 1336 4796; кіру коды: 123

Бастамашы: «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, БСН 151140001473, +7 (7172) 55-67-31, uad@astana.kz;

Құжаттаманы жасаушылар: «Қазақ Промтранспроект» ЖШС, БСН 931240000396, +7 (727) 2507798, kazptp@mail.ru;

ЖҚОҚ әзірлеушілері: «Фирма «Ақ-Көңіл» ЖШС, 8-701-727-30-98, akkonil@mail.ru;

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған (ecoportal.kz).

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бос лауазымына орналасуға конкурс

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 13-кіреберіс, 4-қабат, 457-кабинет, анықтама үшін телефоны: 8 (7172) 74-75-91, e-mail: a.kalzhanova@ecogeo.gov.kz Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Кәсіпорынның мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 11/1.

Кәсіпорын қызметінің мәні: Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларын жүргізу.

Функционалдық міндеттері: Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады және тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның даму және жұмыс, бюджеттеу жоспарын әзірлейді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Кәсіпорынның қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметінің мәселелерін шешеді. Кәсіпорынның міндеттемелері мен функцияларын орындауды қамтамасыз етеді. Қызметкерлер орындайтын есептердің, хаттардың, ақпараттардың уақытылы ұсынылуын және сапасын бақылайды. Қызметкерлердің жоспарларды орындауын ұйымдастырады. Ресурстарды ұтымды пайдалануды бақылауды жүзеге асырады. Жұмыстың жаңа және қазіргі заманғы әдістерін жетілдіру, жоспарлау және енгізу жөніндегі жұмысты талдайды және ұйымдастырады. Мемлекеттік билік және басқару органдары мен басқа да мүдделі ұйымдардың табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық-консультациялық қызметтері бойынша жұмысты ұйымдастырады. Кәсіпорын қызметінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді және бақылайды. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі алдындағы кәсіпорынның барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді бақылайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: құқық (халықаралық құқық және/немесе құқықтану); әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); жаратылыстану ғылымдары (химия және/немесе экология).

Мамандығы бойынша кәсіпорынның бейініне сәйкес басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Мүмкіндігінше «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесінің немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімінің болуы.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайтында жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 13-кіреберіс, 4-қабат, 457-кабинет мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс. **8 (7172) 74-75-91, e-mail: a.kalzhanova@ecogeo.gov.kz**

Астана қаласының мәслихаты Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, «Медициналық ұйымдардың қазақстандық альянсы» РҚБ басқарма төрағасы Дәулетхан Серғазыұлы Есімовке әпкесі

Гүлшайра Серғазықызының

өмірден өтуіне байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын.

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, ардақты әріптесіміз Дәулетхан Серғазыұлы Есімовке апасы

Гүлшайра Серғазықызы Тойғазинаның

өмірден озуына байланысты Қоғамдық кеңес мүшелері атынан қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

АЙ СӘУЛЕСІМЕН КІТАП ОҚЫДЫ

Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесі орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Оқитын ұлт» жобасы аясында «Ай сәулесімен кітап оқиық» атауымен кітапхана түнін өткізді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Шараның мақсаты – оқырманның кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, халықтың кітап оқуға деген белсенділігін арттыру, кітап оқуды насихаттау, қоғамның мәдени деңгейін, талғамын және рухын көтеру, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік білімін арттыру, қазіргі заман ақын-жазушыларының шығып жатқан жаңа еңбектерін таныстыру.

Бұл күні кітапхана есігі барша оқырмандарына, қала тұрғындары мен қонақтарға айқара ашылып, әртүрлі бағыттағы 9 алаң жұмыс істеді. Кітапхана түнінің өтуіне Үндістан, Түркия, Польша, Армения елшіліктері, Астанадағы «Орыс үйі» өкілдері атсалысты. «Орыс үйі» директоры Ольга Филонова құттықтау сөзінен кейін жалпықазақстандық «Астана – бейбітшілік бесігі» атты ашық диктантқа қатысқан кітапхана оқырмандарын марапаттап, кітапханалар жүйесіне көркем әдебиеттерді сыйға тартты. Астанадағы Үндістан мәдени орталығының бірінші хатшысы, директоры Санджай Веди кітапхана оқырмандарын Үндістан мәдениетімен таныстырды. Осы бірінші алаң жұмысында ауқымды кітап көрмесі ұйымдастырылып, концерттік бағдарлама өтті.

«Ван» Армения этномәдени бірлестігі Армения елі тарихын, әдебиетін таныстыратын «Армения: тарих және қазіргі заман» кітап көрмесін және ұлттық қолөнер бұйымдарын ұсынды. Polska Jednosc қоғамдық бірлестігі кітап бетін бүкпеу үшін әртүрлі қағаз, мата, былғары, сүйек, т. б. бұйымдардан кітап бетбелгілерін қызықты, әсерлі етіп жасау, кітаптарды қалыпқа келтіру бойынша өте қызықты шеберлік сабағын өткізді.

Ақын-жазушылармен автограф-сессиясы барысында балалар жазушысы Толымбек Әбдірайым, «Күшті бала» кітабының авторы Серікбол Хасан оқырмандармен кездесіп, шығармаларымен таныстырды.

«Қара шаңырақ» ұлттық тәрбие беру мектебінің жетекшісі Тұрар Сәттарқызы және «Қызғалдақ» қыздар клубы алаңы тәрбиелік «Қыз өссе – елдің көркі», «Өз ісінің маманы болу» сияқты ауқымды шараларды өткізді. Ата-әжелер мәдени тәрбиені санаға сіңіру үшін киіз үйдің ішіндегі көрпелерде отырып, балаларға ертегілер айтып, мақал-мәтелдердің адам, бала тәрбиесінде алатын орны туралы әңгімеледі.

Кітапханада 2019 жылы қолға алынып, кітапсүйер қауымға арналған «Менің қалауымдағы кітаптар» атты BookDating алаңының спикерлері тележүргізуші, телепродюсер Әйгерім Есенәлі, тарихшы Жақсылық Сәбитов, журналист Руслан Ыдырысов сүйікті кітаптарымен таныстырды.

«Авангард» поэзия жанкүйерлері клубы поэтикалық кеш өткізіп, өлеңге таласы бар жеткіншектерге клуб жетекшісі, ақын Дина Ораз шеберлік сабағын өткізді. Қазіргі таңда АҚШ-та тұрып жатқан жерлесіміз, суретші Серік Күлмешкенов кітабының онлайн-тұсаукесері өтті. Оған мәдениеттанушы, Астана қаласының құрметті азаматы Нелли Шиврина, бард Мақсат Сәрсенбеков, суретшінің сыныптастары, достары қатысты.

«Құмды өнер – құм анимациясы» алаңында құм театры жетекшісі Айжан Жәркешқызы құммен сурет салу өнерінен шеберлік сабақ жүргізіп, Валентин Катаевтың «Жеті бояулы гүл» ертегісін және күйші-композитор Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйінің шығу тарихын құм анимациясымен көрсетті.

Кітапханалар жүйесінің серіктестері «Наз» мемлекеттік би театры, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы өнерпаздары өнер көрсетті. Астана қаласы Қуыршақтар театрының аниматорлары қызықты ойындар ойнатып, тәтті сыйлықтар таратты. «Замандас 21» қоғамдық қоры өз коворкинг орталығы мүшелерінің ұлттық нақышта жасалған қолөнер жәрмеңкесін ұйымдастырды. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы «BookCrossing» кітап алмасуына 200-ден аса кітап ұсынды. «BIG DREAM» баспасының кітап саудасы алаңында 3D көлемінде жазылған кітаптар сатылды.

Кітапхана түніне жалпы 700-ге жуық оқырман қатысып, жаңадан 126 адам кітапханаға жазылды. Оның 78-і – жеткіншектер, 48-і – ересектер.

КҮЛКІ КОРОЛІ ТУРАЛЫ ҚОЙЫЛЫМ

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының жаңа V маусымы «Чарли Чаплин» трагикомедиясымен ашылды. Аты аңызға айналған кинематограф шебері туралы материалдар негізінде қойылған спектакльдің инсценировка авторы және қоюшы режиссері – Санкт-Петербургтен арнайы шақырылған Николай Балобан. Қойылымды қазақ тіліне аударған – Ілияс Мұратбек.

Алдағы 22-30 қазан күндері Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен КСРО халық әртісі, КСРО және Қаз КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Халық қаhарманы Әзірбайжан Мәмбетовтің 90 жылдығына орай «TEATRALL» II халықаралық театр фестивалі өтеді. Оған, Қазақстан театрларымен қатар, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Грузия театрлары қатысады. Жаңа маусымның ашылуында осыны атап өткен Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрының бас режиссері Ұланмырза Қарыпбаев премьераға келгендерді аталмыш фестиваль көрермендері болуға шақырды.

Чарли Чаплин жайында көркем және деректі фильмдер түсіріліп, кітаптар жазылды. Спектакльде осылардың негізінде әйгілі әртіс өмірі мен шығармашылығының маңызды, бетбұрысты кезеңдері қамтылды. Чаплиннің жұлдызын жандырып, кинода өзін-өзі табуына маскүнем бейнесі себеп болды. Қойылым осыдан басталып, Карно труппасынан «Кистоун» студиясына шақырылуы, өзінің United Artists студиясын құруы сияқты өнер жолы арқылы өрбіді.

Чаплин өнерге келгенде, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Одан кейінгі Ұлы депрессия, Екінші дүниежүзілік соғыс актердің өмірі мен шығармашылығына әсерін тигізді. Әртіс саяси құдалауға ұшырап, АҚШ-тан қуылды. Қойылымда Чаплиннің қуанышы мен күйзелісі, отбасылық өмірі берілді. Әртістер өздеріне бекітілген кейіпкерлерді әсерлі жеткізе білді. Чарли бейнесін Ақниет Жақсығали беріле сомдады. Көрермендерді әсіресе бала Джеки Куганның бейнесін кескіндеген кішкентай Рамазан Омаровтың өнері тәнті етті.

Чарли Чаплин дыбыссыз кинонның күлкі королі еді. Спектакльде, сөзсіз, тек қана қимыл-әрекетпен берілген көріністер де көп болды. Чаплин актер ғана емес, кинорежиссер, композитор, сценарист та еді. Қойылым оның өзінің музыкасымен көркемделді. Жалпы трагикомедия өнерде мұңсыз болып көрінетін актер өмірінің былайғы өмірдегі аянышты сәттерін, әйгілі әртіс тағдырын жақсы көрсетті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Елордада Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен Республика күніне арналған «Астана кубогы» ашық қалалық футбол турнирі өтті. 2014 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен жарысқа 10 команда қатысты.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

«Жарыс жалауы ұлттық мереке – Республика күніне орай көтерілді. Мерекелік жарысқа 9-10 жастағы балаларды қатыстырдық. Бұл жарысты күнтізбелік жоспарға енгізіп, дәстүрлі жарысқа айналдырамыз» деді жарыстың ашылу салтанатында қалалық №8 балалар және жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің басшысы Дінмұхамед Курамаев.

Тартысты әрі қызықты өткен ойындардың нәтижесінде «Спарта» командасы турнир жеңімпазы атанды. Екінші орынды №8 балалар және жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің футболшылары иеленсе, «Футниндзя» командасы үздік үштікті түйіндеді.

Жеңімпаз және жүлдегер командалар жарысты ұйымдастырушы қалалық №8 балалар және жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі атынан тағайындаған бағалы сыйлықтармен, дипломдармен, медальдармен және кубоктармен марапатталды. Сонымен қатар Азамат Төкен үздік ойыншы, Бекзат Құрбантай үздік қақпашы, Инал Сұлтанов үздік қорғаушы номинациялары бойынша үздік танылып, естелік сыйлықтар алды. Осылайша елордада Республика күніне арналған спорттық шаралар басталып кетті.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №121

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**